

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

«Бекітемін»  
Директордың ОІ орынбасары  
\_\_\_\_\_ Минаева Н.Т.  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

**Барлық мамандықтар бойынша**

**Алғашқы әскери дайындық \_\_\_\_\_ пәнінен**

***БАЗАЛЫҚ (ТІРЕК) КОНСПЕКТІЛЕРІ***

Дайындаған: АӘД оқытушы-  
ұйымдастырушысы Омиртаев Е.С.  
Дене тәрбиесі және АӘД ПБ  
отырысында қаралды  
Хаттама № \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

Семей қаласы

Базалық (тірек) конспектілер жұмыс оқу жоспарына,  
\_\_\_\_\_ жылы бекітілген жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес  
құрастырылған.

ОЖ бойынша директордың орынбасары \_\_\_\_\_ Минаева Н.Т.

Пәнге бөлінген жалпы сағат саны: \_\_\_\_\_  
Оның ішінде

I семестр \_\_\_\_\_

II семестр \_\_\_\_\_

III семестр \_\_\_\_\_

IV семестр \_\_\_\_\_

V семестр \_\_\_\_\_

VI семестр \_\_\_\_\_

VII семестр \_\_\_\_\_

Міндетті бақылау жұмысының саны \_\_\_\_\_

III семестр бойынша \_\_\_\_\_

IV семестр бойынша \_\_\_\_\_

IV семестр бойынша \_\_\_\_\_

Қорытынды бақылау \_\_\_\_\_ сынақ \_\_\_\_\_  
(сынақ, емтихан)

## Тақырыптық жоспар

№	Оқу сағаттарының бөлінуі мен сабақ тақырыптарының атаулары	Мамандық бойынша мағат саны																	
		1514000(ОСк)			0702000 (Бк)			0701000 (Гк)			1305000(ИСк)			0704000			0703000		
		Оқу сабағының көрсетілуі, ер және қыз балалардың оқитын сабақтарымен	Оқу сабағының көрсетілуі, ер балалармен оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, қыз балалардың оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, ер және қыз балалардың оқитын сабақтарымен	Оқу сабағының көрсетілуі, ер балалармен оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, қыз балалардың оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, ер және қыз балалардың оқитын сабақтарымен	Оқу сабағының көрсетілуі, ер балалармен оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, қыз балалардың оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, ер және қыз балалардың оқитын сабақтарымен	Оқу сабағының көрсетілуі, ер балалармен оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, қыз балалардың оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, ер және қыз балалардың оқитын сабақтарымен	Оқу сабағының көрсетілуі, ер балалармен оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, қыз балалардың оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, ер және қыз балалардың оқитын сабақтарымен	Оқу сабағының көрсетілуі, ер балалармен оқитын сабақ	Оқу сабағының көрсетілуі, қыз балалардың оқитын сабақ
1	Кіріспе сабақ	4	-	-	4	-	-	4	-	-	4	-	-	4	-	-	4	-	-
2	1 Тарау. Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы Егемендігінің күзегінде	8	-	-	8	-	-	8	-	-	8	-	-	12	-	-	8	-	-
3	2 Тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғылары	12	-	-	12	-	-	12	-	-	12	-	-	14	-	-	12	-	-
4	3 Тарау. Тактикалық дайындық	16	-	-	16	-	-	16	-	-	16	-	-	18	-	-	16	-	-
5	4 Тарау. Атыс дайындығы	20	-	-	20	-	-	22	-	-	22	-	-	20	-	-	19	-	-
6	5 Тарау. Атыс Қаруынан атыс жүргізу ережелері мен тәсілдері және жарықшақты қол гранаттарын лақтыру	16	-	-	16	-	-	16	-	-	16	-	-	8	-	-	14	-	-
7	6 Тарау. Саптық дайындық	16	-	-	16	-	-	16	-	-	16	-	-	17	-	-	16	-	-
8	7 Тарау. Әскери топография	8	-	-	8	-	-	8	-	-	8	-	-	8	-	-	8	-	-
9	8 Тарау. Азаматтық қорғаныс	8	-	-	8	-	-	10	-	-	10	-	-	10	-	-	8	-	-
10	9Тарау. Медициналық білім негіздері	-	-	30	-	-	-	-	-	30	-	-	30	-	-	30	-	-	30
11	Бақылау сабағы	7	-	-	6	-	-	6	-	-	6	-	-	4	-	-	6	-	-
12	Ер балалармен далалық оқу жиынтығы	-	30	-	-	30	-	-	30	-	-	30	-	-	30	-	-	30	-
13	<b>Барлығы</b>	115	30	30	114	30		118	30	30	118	30	30	115	30	30	111	30	30
14	<b>Жиынтығы</b>	<b>145</b>			<b>144</b>			<b>144</b>			<b>148</b>			<b>145</b>			<b>141</b>		

## Мазмұны

1	Кіріспе сабақ. Жастардың алғашқы әскери дайындығының мазмұны, мақсаты мен міндеттері.	
	<b>VI тарау. Саптық дайындық</b>	
1	Сап және оларды басқару.	
2	Орнында тұрғандағы бұрлыстар. Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс.	
3	Қозғалыстағы бұрылыстар.	
4	Бір қатарлы саптан 2 қатарлы сапқа және қайта сап құру және керісінше	
5	Бөлімше сабы.	
	<b>I тарау. Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы егемендігінің күзетінде</b>	
1	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет ету – патриотизм, интернационализм мектебі.	
2	Отанды қорғау – мемлекеттің маңызды қызметі.	
3	ҚР мемлекеттік нышандары. ҚР ҚК нышандары және әскери бөлімнің Жауынгерлік туы.	
4	Қазақстанның қазіргі армиясы.	
	<b>II тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғылары</b>	
1	ҚР ҚК Жарғылары әскери қызметшілер мінез-құлқының негізі. Тәртіп және әскери құқық.	
2	ҚР ҚК Тәртіптік Жарғысы.	
3	ҚР ҚК Ішкі қызмет Жарғысы.	
4	ҚР ҚК Гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің Жарғысы.	
5	Қарауылдық қызметті тағайындау және оның міндеттері. Қарауылдық қызметті ұйымдастыру.	
6	Объектілерді қоршау және постыларды жабдықтау.	
7	Сақшының міндеттері.	
	<b>III тарау. Тактикалық дайындық</b>	
1	Жаңа қару және жалпы әскери ұрыс принциптерінің дамуы. Қазіргі заманғы ұрыс сипаттамасы.	
2	Ұрыстық іс-әрекеттердің негіздері және мотоатқыштар бөлімшесінің ұйыдастырылуы.	
3	Ұрыстағы ату. Атыс жүйесі.	
4	Жауынгердің ұрыстағы іс-әрекеті.	
5	Қорғаныстағы жауынгер	
6	Мотоатқыштар бөлімшесінің жорықтық, ұрыс алдындағы және ұрыстық реті.	
7	Бақылау сабағы	
	<b>IV тарау. Атыс дайындығы</b>	
1	Атыс негіздері.	
2	Қарудың материалдық бөлігі.	
3	Калашников автоматы мен пулеметі.	
4	Автоматты /пулеметті/ бөлшектеу және жинақтау.	
5	Автоматтың /пулеметтің/ бөлшектері мен механизмдерінің құрылымы, тағайындалуы.	
6	Автоматтың (АК-74, РПГ) бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы.	
7	АК-74, РПГ тексеріп қарау және оны атысқа дайындау, ату кезіндегі кідірістер және оларды жою әдістері.	

8	АК-74, РПГ күтім жасау, оны сақтау және күтіп ұстау.	
9	Жарықшақты қол гранаттары.	
	<b>VII тарау. Әскери топография</b>	
1	Жергілікті жерде қартасыз бағдарлану.	
2	Азимут бойынша қозғалыс.	
	<b>VIII тарау Азаматтық қорғаныс</b>	
1	Азаматтық қорғаныстың мақсаттары мен міндеттері	
2	Радиацияға қарсы тасалар, олардың арналуы және құрылысы.	
	<b>V тарау. Атыс қаруынан атыс жүргізу ережелері мен тәсілдері және жарықшақты қол гранаттарын лақтыру.</b>	
1	Кіші калибрлі винтовкадан атыс жүргізу ережелері мен тәсілдері.	
2	Автоматтан ату тәсілдері.	
3	Атыс жүргізу.	
4	Атысты тоқтату.	
5	Жарықшақты қол гранаттарын лақтыру тәсілдері.	
6	Бақылау сабағы	

I Сабақ жоспары № 1

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Жастардың алғашқы әскери дайындығының мазмұны, мақсаты мен міндеттері.

IV Сабақтың мақсаты:

а). білімділік: Отанды, елді қорғаудың алатын орны мен алғашқы әскери дайындық пәнінің мазмұнын, міндеттерін түсіндіру, білдіру, меңгерту;

ә). дамытушылық: оқыта және тәрбие бере отырып, елдің қауіпсіздігін сақтау басты борыш екенін үнемі дамыта меңгерту, білдіру;

б). тәрбиелік: оқушыларды елін, жерін сүйеге саналы түрде отанын қорғауға дайын болуды, қарулы күштерге деген құрметті, батылдыққа және бастамшылыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас сабақ

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: тарих, Қазақстан тарихы

VII Сабақтың көрнекілігі: оқулық, телевизор, видеофильм, «Қазақстан сарбазы» газеті, «Алғашқы әскери дайындық» журналдары.

VIII Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі:

а) сәлемдесу

ә) түгендеу

б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2.Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3.Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4.Жаңа өткен материалды бекіту.

5.Сабақты қорытып, баға қою.

6.Үй тапсырмасын беру.

### **Жастардың алғашқы әскери дайындығының мазмұны, мақсаты мен міндеттері.**

Кеңестер Одағы тараған соң, орта оқу орындарынан алғашқы әскери дайындық пәнін алып тастау – жастарға әскери патриоттық тәрбие беру, оларды армия қатарында қызмет етуге дайындау ісіне едәуір зиянын тигізді, оның әсері жалпы білім беру деңгейінде де, Қарулы Күштердің жеке құрамының моральдық-адамгершілік сипатында көрініс тапты.

Жастардың алғашқы әскери дайындығы Қазақстан Республикасының «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бастауыш әскери дайындық туралы» 1996 жылғы 1 қарашасындағы №1340 қаулысы негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштердің Бас штабы бастығы мен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі Комитетінің төрағасы бұйрықтары мен дерективаларының негізінде әскери білім беру, меншік түріне қарамастан, еліміздің барлық орта білім беретін және кәсіптік – техникалық мектептерде, арнаулы орта оқу орындарында міндетті мемлекеттік пән болып жүргізіледі.

Осы «Алғашқы әскери дайындық» пәні мынадай тараулардан тұрады:

- Қарулы Күштер Қазақстан Республикасының егемендігін қорғау күзетінде
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери жарғылары
- Тактикалық дайындық
- Атыс дайындығы
- Саптық дайындық
- Әскери топография
- Азаматтық қорғаныс

- Медициналық білім негіздері

ҚК РК егеменді күзетінде тарауында оқушылар ҚР егемендігін қорғау қажеттілігіне көз жеткізесіндер, әскери қызметке жауапкершілікпен қарауға саналы түрде даяр болуға және ҚР 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттер мен әскери қызмет туралы» «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы» заңдармен танысып, оқып. Сабақта әскери анттың рөлі мен мәнін жете түсінуге жаттауға негізгі міндеттер қойылады.

ҚРҚК әскери жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршілігін белгілейтін заңдар жинағы, сондай-ақ жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметшінің міндеті, қойылатын талаптары, әскери қызметшілердің мінез-құлқы мен әскери әдептілігі оқытылады, үйретіледі.

Тактикалық дайындық – тарауында жалпы әскери ұрыстың негіздері, оқушыларды ұрыс әрекетіне үйрету принциптері, қарсыластың жаяу әскері мен сауытты машиналарын жою мақсатында, ұрыс даласында жүгіре және еңбектей өту, атыс позициясын таңдау. Қазіргі заманғы жалпы әскери ұрыс мақсаты, сипаты мен міндеттерін қамтиды.

Атыс дайындығы – тарауында оқушыларға атыс қаруының негізгі құрылымы, оны атысқа дайындау және атыс ережесін оқып үйренеді. Гранаттар, оқ-дәрілер және қару-жарақпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларын оқып, үйреніп орындай білуі керек.

Саптық дайындық – тарауында саптық дайындық бойынша сабақ өткізу тәртібі баяндалады. Саптағы пәрменді, орында тұрғандағы және қозғалыста қарумен және қарусыз саптық әдістерді дұрыс, дәл уақытында орындай білуге оқыту, үйрету.

Әскери топография тарауында жергілікті жерде картасыз бағдарлану. Жергілікті жерді оқып үйрену, қозғалыс маршрутын таңдау және маршрутта бағдарларды анықтау. Жергілікті жерде компастың көмегімен қозғалу және маршрутта кедергілерді айналып өту.

Азаматтық қорғаныс – тарауында қарсылас қазіргі уақыттағы жою құралын қолданған жағдайында ҚР халқымен экономикасын қорғауға; сондай-ақ төтенше жағдайлар пайда болған аудандар мен зақымдану ошақтарында шұғыл құтқару жұмыстарын жүргізуге; жеке және ұжымдық қорғаныш құрамдарын пайдалана білуге, оқытып үйрету міндетті.

Алғашқы әскери дайындық барысында оқушылар азаматтардың Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі конституциялық құқықтарын ұғынуға, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің сипаты мен мақсатын, әскери іс пен азаматтық қорғаныстың негіздерін анықтап түсінуге тиіс. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мерзімді әскери қызметті өткерудің жағдайларына қысқа мерзімде бейімделіп, өздеріне сеніп тапсырылған қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы меңгеруі үшін жас сарбазды дайындау көлемінде қажетті білім, практикалық машықтанушылық, мінез-құлық орнықтылығын қалыптастыруға тиіс.

Бастауыш Алғашқы әскери дайындық жастарды қазақстандық патриотизм мен интернационализм, демократиялық қоғам ісіне шексіз берілгендік, Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға эзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

1. Алғашқы әскери дайындық пәнінің мақсаты мен міндеттері мен орны туралы айтып беріңдер.
2. Алғашқы әскери дайындық пәні қандай тараулардан тұрады.
3. «Алғашқы әскери дайындық туралы» қаулысы қай жылы, айда, күнде, қандай нөмірмен бекіген.

2 Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

3 Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 3-5 беттер.

6 БӘД оқулығы 2000ж. 5 беттер конспектлеу.

АӘД пәнінің оқытушысы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары № 2

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Сап және оларды басқару

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Оқушыларды Саптық жарғыларға байланысты сап, және оның элементтерін, алдын ала берілетін, орындалатын пәрмендерін үйрету, меңгерту;
- ә). дамытушылық: Оқушылардың сапта тұру әдістерін, қозғалыс, есте сақтау қабілеттерін дамыту;
- б). тәрбиелік: Саптық тұрыста шыдамдылыққа, ширақтыққа, ептілікке, ұқыптылыққа, тәртіптілікке батылдыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас сабақ

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене шынықтыру

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, плакат, Саптық жарғы.

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Сап және оларды басқару**

Саптық дайындық – әскери қызметшілерді әскери дағдымен әскери тәртіпке үйретудің маңызды пәндерінің бірі. Ол Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Саптық жарғысы негізінде ұйымдастырылып жүргізіледі.

Сап пен элементтер, алдын ала берілетін және орындалатын пәрмендер. Сапқа тұру алдындағы және саптағы әскери қызметшінің міндеттері. Орнында, орнынан сәлемдесуге жауап беру. Ол әскери қызметшіге саптық тұрысты, ұқыптылықты, тәртіптілікті, бөлімше құрамында жекелеген саптық тәсілдер мен үйлесімді қимылдарды дереу және дұрыс орындауды дағдыландыруға бағытталған.

Саптық дайындық сабақ кестесінде қарастырылған оқу уақытында өткізіледі. Ол тактикалық, таыс, дене шынықтыру сабақтарында және сабақтардың барлығында, сапқа тұруда, қозғалыс кезінде, күнделікті өмірде жетілдіріп, іске асырылады.

Сап – әскери қызметшілердің, бөлімшелердің және бөлімдердің Жарлығымен белгіленген өзара іс-қимыл жасаулары үшін жаяу тәртіптегі және машинадағы орналасуы.

Қатар – қатарда белгіленген бір сызық бойында әскери қызметшілердің біреуі екіншісінің қасында белгіленген аралықта сақтап орналасқан сабы.

Машиналар желісі – машиналардың біреуі екіншісінің қасында бір сызық бойында орналасуы.

Қаптал – саптық оң, сол жақ шеті. Бұрылыс жасаған кезде сап капталдарының аттары өзгермейді.

Маңдайшеп – саптың әскери қызметшілер тіке қарап тұрған жағы, машиналардың маңдай алды.

Саптың тыл жағы – маңдайшеп жағына қарама-қарсы жақ.

Аралық – маңдайшеп бойынша әскери қызметшілердің, машиналардың, бөлімшелердің және бөлімдердің арасындағы аралық.



Арақашықтық – түпір жаққа қарай әскери қызметшілердің, машиналардың, бөлімшелердің және бөлімдердің арасындағы аралық.

Сап ені – сап шеттерінің арасындағы аралық.

Саптың ұзындығы – саптың бірінші шетінен (алдыңғы тұрған әскери қызметшінің) саптың соңғы шетіне (соңғы тұрған әскери қызметшінің) дейінгі аралық, машиналар қозғалысында – машиналардың бірінші сызығынан (алдыңғы тұрған машинаның) машиналардың соңғы сызығынан (соңғы тұрған машинаның) дейінгі аралық.

Екі қатарлы сап – бір қатардағы әскери қызметшілер басқа қатардағы әскери қызметшілердің ту сыртына қарай бір қадам арақашықтықта орналасқан сап (қолын созып, алдында тұрған әскери қызметшінің иығына салу). Қатарлар бірінші және екінші деп аталады. Сап бұрылыс жасағанда қатарлар өзгереді.

Қатар – екі қатарлы сапта біреуі екіншісінің ту сыртында тұрған екі әскери қызметші. Егер бірінші қатардағы әскери қызметшінің ту сыртында екінші қатардың әскери қызметшісі тұрмаса, онда мұндай қатар толық емес деп аталады.

Екі қатарлы сап кері бұрылған кезде толық қатардағы әскери қызметші алдыңғы қатарға ауысады.

Бір қатарлы және екі қатарлы саптар жиналма немесе жазылма болуы мүмкін.

Жиналма саптағы әскери қызметшілер қатарда маңдайшеп бойынша бір-бірінен шынтақтарының арасында алақанның еніне тең аралықта орналасқан.

Жазылма саптағы әскери қызметшілер қатарда маңдайшеп бойынша бір-бірінен шынтақтарының бір қадам немесе командир белгілеген аралықта орналасқан.

Лек – әскери қызметшілердің бір-бірінің ту сыртында, ал бөлімшелер, машиналар бір-бірінің артында жарғымен белгілеген немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап.

Лектер бір, екі, үш, төрт және одан да көп қатарлы болуы мүмкін. Лектер бөлімшелерді және бөлімдерді жазылма немесе жарық сапта орналастыру үшін қолданылады.

Жазылма сап – бөлімшелер маңдайшеп бойынша бір сызықтың бойында бір қатарлы немесе екі қатарлы сапта, машиналар сызығында немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап.

Жазылма сап тексерістер, санақтар, байқаулар, шерулер жүргізу үшін, сондай-ақ басқа да қажетті жағдайларда қолданылады.

Жорық сабы – бөлімше лекке немесе бөлімшелер лектер белгіленген арақашықтықта орналасқан сап.

Жарық сабы марш жүргізудегі, ән салып салтанатты шерумен жүріп өтудегі бөлімшелердің қозғалысы үшін, сондай-ақ басқа қажетті жағдайларда қолданылады.

Бағыттаушы – көрсетілген бағыттағы бірінші жүріп келе жатқан әскери қызметші, бөлімше, машина. Бағыттаушы бойынша қалған әскери қызметшілер, бөлімшілер, машиналар өздерінің қозғалыстарын реттейді.

Тұйықтаушы – лектегі соңғы келе жатқан әскери қызметші, бөлімше, машина.

Сапты басқару дауыспен, белгілермен және жеке үлгімен командир беретін, сондай-ақ техниканың, жылжымалы құралдардың көмегімен берілетін пәрмендермен және бұйрық берумен жүзеге асырылады.

Пәрмендер алдын ала берілетін және орындалатын болып бөлінеді; пәрмендер тек орындалатын ғана болуы мүмкін.

Пәрмен белгімен берілгенде алдын ала «Назар сал» белгісі беріледі, ал егер пәрмен тек бөлімшелердің біреуіне ғана қатысты болса, онда осы бөлімшенің нөмірін көрсететін белгі береді.

Пәрменді қабылдауға дайындық та сондай-ақ «Назар сал» белгісімен белгіленеді.

Қабылдауды жою немесе орындауды тоқтату үшін «Тоқтат» пәрмені беріледі.

Әскери қызметшінің сапқа тұру алдындағы және саптағы міндеттері:

Әскери қызметші:

Өзінің қаруының өзіне бекітіліп берілген қару-жарақтың, техникалық, оқ-дәрілердің, жеке қорғаныс құралдарының, бекініс құрал саймандарының, нысанды киімдерінің және жабдығының түзілуін тексеруге;

Нысанды киімдерін ұқыпты реттеуге, жабдықтарды дұрыс киюге және жөндеуге, анықталған кемшіліктерді жою үшін жолдасына көмектесуге;

Саптағы өз орнын білуге, оған жылдам және әбігерсіз тұруға; қозғалыс кезінде түзелімді, белгіленген аралықты, арақашықтықты сақтауға; қауіпсіздік талаптарын орындауға; машинадан, саптан рұқсатсыз шықпауға;

Сапта рұқсатсыз сөйлесуге және темекі тартуға; өзінің командирінің бұйрықтары мен пәрмендеріне ықыласпен назар аударуға, оларды жылдам және нақты, басқаларға бөгет жасамастан орындауға;

Бұйрықтарды, пәрмендерді бұрмаламай, қатты және нақты өткізуге, айтып жеткізуге міндетті.

Саптық тұрыс «Саптал» немесе «Тіктел» пәрмендері бойынша қабылданады. Осы пәрмен бойынша тығыздалмай, тік тұруы керек, өкшелерді қосып, аяқтың ұшын маңдайшептің сызығы бойынша, оларды табанның еніне қойып түзеу керек; аяқтарды, тізені түзей отырып, тығыз ұстамау керек; кеудені тік ұстау керек, ал дене бір шама алға ұмтылуы керек; қолдарды алақандарды ішке қаратып, бүйірге және жамбастың ортасына ұстап, ал саусақтарды жартылай бүгіп және жамбасқа тигізіп төмен жіберу керек; басты жоғары және тік, иекті алға шығармай ұстау керек; өзінің алдына қарап, шұғыл әрекетке даяр болу керек.

«Бостан» пәрмені бойынша оң немесе сол аяқтың тізелерін бос ұстап, орнынан кетпей, назарды әлсіретпей және сөйлеспей еркін тұруы керек.

«Жинақтал» пәрмені бойынша саптағы өз орнын тастап кетпей, қаруын, киімдерін және жабдықтарын түзеу керек; қажет болған жағдайда саптан шығу үшін тікелей бастығынан сұрануға болады. «Жинақтал» пәрменінің алдында «Бостан» пәрмені беріледі.

Бас киімді шешу үшін «Бас киімді шеш», ал кию үшін «Бас киімді ки» пәрмендері беріледі. Қажет болған жағдайда жекелеген әскери қызметшілер бас киімді пәрменсіз шешеді және киеді.

Шешілген бас киімді күнқағарымен алға ұстап, еркін түсірілген сол қолға ұсталады.

ҮҮ.

1. Сап элементтерін атаңдар.

2. Әскери қызметшінің сапқа тұру алдындағы және саптағы міндеттерін атаңдар.

3. «Сап», «Қатар», «Қаптал», «Маңдайшел», «Саптың тыл жағы», «Аралық», «Сап ені» сияқты сап элементтеріне анықтама беріндер.

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 260-266 бет, БӘД оқулығы 2000ж. 259-267 бет конспекттеу.

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары № 3

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Орнында тұрғандағы бұрылыстар. Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс. Қозғалыстағы бұрылыстар.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Оқушыларды Саптық жарғыларға байланысты сап, және оның элементтерін, алдын ала берілетін, орындалатын пәрмендерін үйрету, меңгерту;
- ә). дамытушылық: Оқушылардың сапта тұру әдістерін, қозғалыс, есте сақтау қабілеттерін дамыту;
- б). тәрбиелік: Саптық тұрыста шыдамдылыққа, ширақтыққа, ептілікке, ұқыптылыққа, тәртіптілікке батылдыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас сабақ

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене шынықтыру

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, плакат, Саптық жарғы.

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

**Орнында тұрғандағы бұрылыстар. Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс.  
Қозғалыстағы бұрылыстар.**

Орнында тұрғандағы бұрылыстар: «Оң-ға!», «Сол-ға!», «Ай-нал!».

Айналу және солға бұрылу сол қол жаққа қарай, сол өкшенмен және оң аяқтың ұшымен; оңға бұрылу – оң қол жаққа қарай оң өкшемен және сол аяқтың ұшымен жүргізіледі.

Бұрылыстар екі тәсілде орындалады:

Бірінші тәсіл – дененің тік қалпын сақтай отырып және тізелерді бүкпей бұрылу керек, алдыңғы тұрған аяққа дененің салмағын салу керек;

Екінші тәсіл – қысқа жол арқылы екінші аяқты қою керек.

Қозғалыс адыммен немесе жүгірумен жасалады. Адыммен қозғалыс жасау минутына 110-120 адым жасау жылдамдығымен жүзеге асырылады, адымның мөлшері 70-80 см.

Жүгірумен қозғалыс жасау минутына 165-180 адым жасау жылдамдығымен жүзеге асырылады, адымның мөлшері 85-90см.

Адым саптық және жорықтық болады.

Саптық адым бөлімшелердің салтанатты шерумен жүріп өтуі кезінде; олардың қозғалыс кезінде; әскери сәлемдесуді орындау кезінде; әскери қызметші саптан шыққанда және сапқа қайтып келгенде, сондай-ақ саптық даярлық жөніндегі сабақтарда қолданылады.

Жорықтық адым қалған басқа жағдайларда қолданылады.

Саптық адыммен қозғалыс жасау «Саппен-адымда» қозғалыс кезінде «Саппен – адымда» пәрмендерімен, ал жарықтық адыммен қозғалыс жасау «Адымда» пәрмені бойынша басталады.

Алдын ала пәрмен бойынша дене біршама алға ұмсындырылады, оның салмағын орнықтылығын сақтай отырып, оң аяққа салу керек; орындалатын пәрмен бойынша қозғалыс сол аяқтан толық адыммен басталады.

Саптық адыммен қозғалыс кезінде аяқтың ұшын жерден 15-20см жоғары көтеріп аяқ алға созылады және табанға нық қойылады.

Иықтан бастап қолдармен дененің айналасында қозғалыс жасау керек: алға – оларды шынтақты бүгіп денеден алақанның еніндей ұстап белдіктен жоғары көтерілетіндей бүгіп, ал шынтақ қолдың білегінің деңгейінде болу керек; артқа – иықтың буынының шегіне жеткенше. Қолдың саусақтарын жартылай бүгіп, басты тік ұстап, өзінің алдына қарай қарау керек.

Жорықтық адыммен қозғалыс жасау кезінде аяқтың ұшын созбай, еркін қозғау керек; қолмен дененің айналасында еркін қозғалыс жасау керек. Жорықтық адыммен қозғалыс жасау кезінде «Тіктел» пәрмені бойынша саптық адымға көшу керек.

Саптық адыммен қозғалыс жасау кезінде «Еркін жүр» пәрмені бойынша жарықтық адыммен жүру керек.

Жүгірумен қозғалыс жасау «Жүгіре – адымда» пәрмені бойынша басталады. Жүгірістен адымға ауысу кезінде «Адымда» пәрмені беріледі. Орындалатын пәрмен оң аяқты жерге қоюмен бір мезгілде беріледі. Осы пәрмен бойынша жүгіріспен тағы да екі адым жасалады және адыммен қозғалысты сол аяқтан бастайды.

Орнында тұрып адым жасауды көрсету «Орнында, адымда» қозғалыста «Орнында» пәрмені бойынша жүргізіледі. Осы пәрмен бойынша адымды аяқты көтерумен және түсірумен көрсетіледі, бұл ретте аяқты жерден 15-20см көтеру керек және оны ұшынан бастап табанға толық қою керек; қолмен адымның ырғағымен қозғалыс жасау керек, сол аяқты жерге қоюмен бір мезгілде берілетін «Тура» пәрмені бойынша оң аяқтан орынында тағы да бір адым жасау керек және қозғалысты сол аяқтан толық адыммен бастау керек. Бұл ретте алғашқы үш адым саптық болу керек.

Қозғалысты тоқтату үшін пәрмен беріледі. Мысалы: «Қатардағы жауынгер Әлімов – тоқта». Қозғалыстың жылдамдығын өзгерту үшін: «Қарышта», «Қысқа адымда», «Жылдамдат», «Жарты адым», «Қалыпты адым» деген пәрмендер беріледі.

Ү.

1. Орнында тұрғандағы және қозғалыстағы бұрылыстар қалай орындалады?
2. Саптық және жорықтық адым қай кезде қолданылады?
3. Жорықтық адымнан саптық адымға көшу үшін қандай пәрмендер беріледі?

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2010ж.

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары № 4

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайта сап құру

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Оқушыларды Саптық жарғыларға байланысты бөлімшені бір және екі қатарлы сапқа тұрғызу, сондай-ақ керісінше орындау реті және орындау кезіндегі пәрмендерді терең біліп үйрену;
- ә). дамытушылық: Бөлімшенің бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайта сап құру әдістері мен қозғалыс техникасын меңгерту;
- б). тәрбиелік: Уақыт өлшеміне байланысты ептілікке, ширақтылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: практикалық сабақ

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене шынықтыру

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, плакат, Саптық жарғы.

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайта сап құру**

Бөлімшенің жазылма сабы бір қатарлы немесе екі қатарлы болуы мүмкін.

Бөлімшені бір қатарлы, екі қатарлы сапқа тұрғызу: «Бөлімше, бір қатарға, екі қатарға – саптал!» пәрмені бойынша жүргізіледі.

Бөлімшелер маңдайшептер бойынша бір сызықтың бойында бір қатарлы немесе екі қатарлы сапта немесе лектің сызығында Жарғымен белгіленген немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасқан сап – жайылма сап деп аталады.

Бөлімше лекке немесе бөлімшелер лектерде бір-бірінің атында Жарғымен белгіленген немесе командирдің белгілеген арақашықтықта орналасқан сап – жорық сабы деп аталады.

Саптық тұрысты қабылдап және пәрмен беріп, бөлімшенің командирі сапқа тұрудың маңдай шебіне қарама-қарсы тұрады; бөлімше штатқа сәйкес командирден солға қарай суреттерде көрсетілгендей сапқа тұрады.

Сапқа тұру басталғанда, бөлімшенің командирі саптан шығады және бөлімшенің сапқа тұруын қадағалайды. Төрт және одан да аз адамнан тұратын бөлімше әрқашан да бір қатарға тұрады. Бөлімшені орнында түзету қажеттілігі туындағанда: «Түзел!» немесе «Солға-түзел!» пәрмендері беріледі.

«Түзел!» пәрмені бойынша оң жақ шетте тұрғаннан басқасының барлығы бастарын оңға бұрады. Сол құлақ оң құлақтан жоғары, иекті көтеру керек.

Түзелу аяқталған соң «Саптал» немесе «тіктел» пәрмені беріледі. Осы пәрмен бойынша тығыздалмай тік тұруы керек.

Бөлімше бір қатардан екі қатарға қайта сапқа тұру үшін алдын ала: «Бөлімше, бірінші және екіншіге – санал!» пәрмені бойынша бірінші және екінші болып санау жүргізіледі. Осы пәрмен бойынша, оң жақ қапталдан бастап әрбір әскери қызметші кезек

бойынша жылдам оның сол жағында тұрған әскери қызметшіге қарай басын бұрып, өзінің номерін айтады және басын тез тік ұстайды.

Сонымен қатар жалпы номерлеу бойынша санау жүргізіледі, ол үшін «Бөлімше, ретімен – санал!» пәрмені беріледі. Бөлімше бір қатардан екі қатарға қайта сапқа тұру үшін алдын ала: «Бөлімше, бірінші және екіншіге – санал!» пәрмені бойынша бірінші және екінші болып санау жүргізіледі. Осы пәрмен бойынша, оң жақ қапталдан бастап әрбір әскери қызметші керек бойынша жылдам оның сол жағында тұрған әскери қызметшіге қарай басын бұрып, өзінің номерін айтады және басын тез тік ұстайды.

Екі қатарлы сапта екінші қатардың сол жақ шетіндегі тұрған сапты санау аяқталғаннан кейін: «Толық» немесе «Толық емес!» деп баяндайды.

ІҮ.

1.Бөлімшенің жазылма сабы қандай болады?

2.Бөлімшенің бір немесе екі қатарлы сапқа тұрғызу қандай пәрмен бойынша жүргізіледі?

3.Бөлімше құрамын бір немесе екі қатарлы сапқа тұрғызу ретін айтыңдар.

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 269-271 бет

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары № 5

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Бөлімше сабы

IV Сабақтың мақсаты:

- a). білімділік: Оқушыларды әскери дағды мен тәртіпке үйрету, олардың маңызын түсіндіру;
- ә). дамытушылық: Оқушыларға бөлімше құрамында саптық жаттығуларды дамытып жетілдіру;
- б). тәрбиелік: Әскери достыққа, бірлікке, сымбаттылыққа, әскери әдептілік пен тәртіпке үйрету.

V Сабақтың түрі: практикалық сабақ

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене шынықтыру

VII Сабақтың көрнекілігі: плакаттар

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- a) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

#### **Бөлімше сабы**

Бөлімшенің жорық сабы бір лек бойынша немесе екі лек бойынша болуы мүмкін. Бөлімшенің орнында бір-екі лек бойынша сапқа тұруы: «Бөлімше, бір-екі лек бойынша саптал!» пәрмені бойынша жүргізіледі.

Бөлімшенің командирі саптық тұрысты қабылдап және пәрменді беріп, қозғалыс бағытына қарап тұрады, ал бөлімше штат бойынша 130 және 131 суреттерде көрсетілгендей сапқа тұрады.

Төрт және одан да аз санды бөлімше бір лек бойынша сапқа тұрады.

Бөлімшенің жазылма саптан лек бойынша қайта сапқа тұруы: «Бөлімше, оң-ға!» пәрмені бойынша бөлімшенің оңға бұрылуымен жүргізіледі.

Бөлімшенің лектен жазылма сапқа қайта тұруы: «Бөлімше, сол-ға!» пәрмені бойынша бөлімшенің солға бұрылуымен жүргізіледі.

IV.

1. Жазылма және жорықтық сап дегеніміз не?

2. Бөлімше қандай сап түрлерінде болуы мүмкін?

V. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 279-280 бет

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары № 6

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Бөлімше сабы

IV Сабақтың мақсаты:

- a). білімділік: Саптық жарғыға байланысты бөлімшенің жайылма және жорық саптарына сапқа тұруын, орындау кезіндегі пәрмендерді терең біліп үйрету;
- ә). дамытушылық: Бөлімшенің бір қатарлы лекке және кері қайта саптану техникасын дамытып жетілдіру;
- б). тәрбиелік: Уақыт өлшеміне байланысты ептілікке, ширақтылыққа, шапшаңдыққа, тәртіпке тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: практикалық сабақ

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене шынықтыру

VII Сабақтың көрнекілігі: плакаттар

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- a) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

#### **Бөлімше сабы**

Бөлімшенің саптары. Бөлімшенің жайылма және жорық саптарына сапқа тұруы.

Бөлімшенің жайылма саптан жарықтық сапқа және кері, бір қатарлы лектен екі қатарлы лекке және кері қайта саптануы.

Бөлімшенің бір лектен екі лекке қайта сапқа тұруы: «Бөлімше, екі лектен – адым бас!» жүріс кезінде: «Адымда!» пәрмені бойынша жүргізіледі.

Орындалатын пәрмен бойынша бөлімшенің командирі, бағыттаушы жарты адым жүреді, ал екінші номердегілер, оңға шығып адымның ырғағымен лектегі өз орнына тұрады:

«Бөлімше – тура!» немесе «Бөлімше – тоқта!» пәрменіне дейін жарты адымға қозғалады.

Бөлімшенің екі лектен бір лекке қайта сапқа тұруы «Бөлімше, бір лек бойынша, адым бас!» немесе «Адымда!» пәрмені бойынша орындалады.

IV.

1. Бөлімшені жазылма және жорықтық сапқа тұрғызу үшін пәрменді қалай беру керек?

2. Лек қозғалысының бағытын өзгерту үшін қандай пәрмен беріледі.

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 280-281 бет

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы



I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету- патриотизм мен интернационализм мектебі.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Отанын қалтқысыз сүйі мен оны қорғауға, патриотизмнің адамгершілік сипатын, мәнін түсіндіру;
- ә). дамытушылық: Оқыта және дамыта отырып, шынайы патриотизмді қалыптастыру, сондай-ақ туған жерге, ата бабасы жатқан жерген деген құштарлық, терең патриоттық махаббат сезімін оята білдіре дамыту;
- б). тәрбиелік: Оқушыларды елін, жерін сүйуге саналы түрде Отанын қорғауға дайын болуды, әскери-патриоттық тәрбиелеу. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: лекция

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: Қазақстан тарихы

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, видеофильм, «Сарбаз» газеті, «Алғашқы әскери дайындық» журналы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

## **Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету-патриотизм мен интернационализм мектебі.**

Қоғамның топтасуының бағыттарының бірі – Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу идеясы болуы тиіс.

Әскери-патриоттық тәрбие – азаматтардың, әсіресе жастардың өз Отанын қалтқысыз сүйі мен оны қорғауға дайын болуы үшін мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және әр түрлі бірлестіктердің жүргізетін көп қырлы, жүйелі мақсатқа бағытталған әрі үйлесімді қызметі. Шынайы патриотизмді қалыптастыру – жеке тұлғаның нық саяси тұрғыда өзін-өзі нақты айқындау деген сөз. Оны мемлекет туына, елтаңбасына, әнұранына құрметпен қарауға, заңға бағыну, үкіметті сыйлауға тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала жасынан: «Қазақстан – менің Отаным, ол мен үшін жауапты болғаны сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды меңгеруі керек.

Патриотизм, сондай-ақ туған жерге, ата-бабасы жатқан жерге құштарлық сияқты терең перзенттік махаббатты да білдіреді. Патриотизмнің адамгершілік сипаты – керек уақытта адамның өзіне «керек» деп бұйрық беріп, ауыр сын сәтінде «істей аламаймын» дегенді жеңе білуі.

Қазір патриот болу дегеніміз – республиканың экономикалық, қорғаныстық әулетін тынбай нығайту, оны кез келген сыртқы қастандықтан қорғауға дайын болу, әскери міндетке жауапкершілікпен қарау керек деген сөз.

Патриотизм сезімі мен Отанның жауларына деген жек көрушілік – қасиетті, жалынды, өшпейтін сезім. Қазіргі жауынгер үшін патриот болу дегеніміз – өзінің білімі мен мүмкіндігін, бар күшін республиканың Қарулы Күштерінің жауынгерлік қуатын нығайтуға жұмсау мен қашанға оны қорғау үшін жауынгерлік дайындықта болу.

Әрбір жауынгердің патриоттық және интернационалдық міндеті, елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан жеке үлесі – бөлімшелерді жауынгерлік дайындықта, жоғары деңгейде ұстау, жауынгерлік шеберлігін жетілдіру, тәртіп пен реттілікті нығайту болып табылады.

Жауынгердің патриотизмі, сонымен қатар оның өз бөлімше деген сүйіспеншілігінен, бөлімнің жауынгерлік туына, кемеңнің жалауына адалдығынан, оларды ұрыста табандылықпен қорғауға дайындығынан, халықтың, жауынгерлік дәстүріне адалдығынан, өздерінің күнделікті еңбегі мен даңықты ерліктері арқылы біздің қаруымыздың жауынгерлік даңқын арттырудан да көрінеді.

Патриотизмге, интернационализмге тәрбиелеу формалары мен әдістері әр түрлі. Олардың негізгілері мыналар болып табылады:

Жауынгерлерді идеялық сеніммен, тәрбие жұмыстарымен саяси саналыққа тәрбиелеу;

Қоғамдық-гуманитарлық дайындық жүйесі жеке құрамның жауынгерлік оқуын іске асыру;

Қоғамдық-гуманитарлық дайындық жүйесі;

Жауынгерлерді патриотизм мен интернационализм идеяларымен қаруландыру;  
Республика аумағында, ТМД мемлекеттерінде тұратын барлық халықтың еңбек және жауынгерлік дәстүрлерді арқылы тәрбиелеу;  
Жеке қасиеттерін жетілдіру, өзін қазақстандық патриотизм рухына тәрбиелеу;  
Сөйтіп, әскери-патриоттық тәрбие дегеніміз:  
Адамдардың Отанға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;  
Өзінің азаматтық парызын терең түсінуді дайындау;  
Халықтың жауынгерлік дәстүрі мен оның Қарулы Күштеріне деген адалдық;  
Әскери және әскери-техникалық білім мен дағдыларды меңгеру.

Әскери-патриоттық тәрбие халықтың жасына, кәсібіне және де басқа да ерекшеліктеріне қарай әр түрлі деңгейде жүргізіледі.

1. Патриотизм дегеніміз не?
  2. Жауынгерлердің интернационалистік қасиетін қалыптастыруға патриотизмінің ролі қандай?
  3. Жауынгерлерді патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиелеудің жолдары қандай?
- Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.  
ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2014ж. 15-19 бет

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Отанды қорғау – мемлекеттің маңызды қызметі

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Отанды, елді қорғаудың алатын орны мен әскери антта қояр талаптарды, негізгі міндеттерін түсіндіру, білдіру, меңгерту;
- ә). дамытушылық: Оқыта және дамыта отырып, елдің қауіпсіздігін сақтау басты борыш екенін үнемі меңгерту, білдіру, дамыту;
- б). тәрбиелік: елін, жерін сүйеге, саналы түрде Отанын қорғауға дайын болуды, Қарулы Күштерге деген қызметке, антқа адал болуға қырағылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас сабақ

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене шынықтыру

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, видеофильм, Қазақстан тарихы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

## **Отанды қорғау – мемлекеттің маңызды қызметі**

Әскери ант, оның Қарулы Күштердің өмірі мен қызметіндегі маңызы, оны қабылдау реті.

Алғаш рет әскери қызметке алынып, бұрын әскери қызмет өткермеген немесе әскери жиынға алғаш рет шақырылған ҚР азаматы ҚР Мемлекеттік жалауының және әскери бөлімінің жауынгерлік туының алдында әскери ант қабылдайды.

Әскери ант – мемлекеттік маңыздылығы зор құжат, Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылы 25 тамызындағы Жарлығымен бекітілген және заң күші бар.

-толықтыруға келген жауынгерлер мен матростар, тиісті бағдарламадан өткен және олар жауынгерлердің матростың негізгі міндеттерін, әскери анттың мәнін, әскери бөлімнің жауынгерлік туы мен әскери тәртіпті жете білген соң, бірақ әскери бөлімге келген күннен бастап екі айдан кешіктірмейді.

Толықтыруға келген жауынгерлер мен матростар, әйел-әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрын әскери антты қабылдамаған әскери оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары әскери бөлім командирінің, әскери оқу орны бастығының басшылығымен қабылданады.

Ант қабылдау – жоғары патриоттық ант. Жауынгерлердің өзі қол қойған ант оның өмірі мен қызметтің бұлжытпас заңына айналады.

Ант қабылдау салтанатты жағдайда, бөлімнің Жауынгерлік Туы астында өткізіледі. Ант қабылдау күні бөлім үшін жұмыс күні болмайды және мейрам ретінде өткізіледі.

Әскери антты қабылдаушы азаматтарға арналған тізімдердің бланкілері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген үлгі бойынша әзірленеді, бірінші бетінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы мен әскери анттың мәтіні болады.

Қазақстандық әскери антта жауынгерлердің Отанды қорғау және ұрыста жеңу үшін қажет моральдік-жауынгерлік сапаларына қойылатын аса маңызды талаптар тұжырымдалған.

Қазақстан халқына және оның заңды сайланған Президентіне берілгендік – Қазақстан халқының ізгі қасиеттері, мұның мәнісі, ең алдымен, өз халқына, Отанына – ҚР қалтқысыз, адал қызмет ету, еңбекке, қоғам алдындағы өз міндеттерін орындауға, өз командирлерінің алдында барынша шыншыл болу, олардың бұйрықтарын орындауы. Қазақстан жауынгерлерінің сезімдерін мінсіз, қырағы қызметте, ыждахатты оқуға, басшылықтың тапсырмаларын үлгілі орындауда, Отанды қорғауға үнемі дайын болу арқылы көрсетіп отыр. Анттың әскери және халықтық мүлікті сақтау туралы талабы Қазақстан Республикасы мен оның Қарулы Күштерінің күш-қуатын барынша нығайтуға бағытталған. Қазақстан жауынгерлері қаруға, техника мен әскери мүлікке әр кезде қамқорлықпен қарады. Тәуелсіз мемлекеттің қаз тұруы мен Қарулы Күштердің қалыптасуының ең ауыр жылдарында олар қару мен техниканы мінсіз күйде, іс-қимылға үнемі дайын жағдайда ұстауға тырысты.

Отанның ержүрек және батыл қорғаушысы болу – халқымызға ежелден тән қасиет және ол бостандық пен Кеңес Өкіметінің қалыптасу жолындағы күресте, ұлы Отан соғысы жылдарында және аға ұрпақ қазіргі қазақстандық жауынгерлерге дарытқан қалпында тәуелсіз мемлекет құру кезеңінде айқын көрінді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әрбір жауынгері үшін әскери антты орындау – аброй мен ар ісі, оның бүкіл өмірінің заңы. Ант қабылдап тұрып ҚР азаматы бүкіл халық алдында былай деп мәлімдейді: «Егер мен өзім қабылдаған антты бұзсам, онда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қатаң жазаны кешуге әзірмін». Антты ең ауыр және масқаралық бұзушылық – Отанға опасыздық. Қазақстан Республикасының заңы оны ең қатаң жазамен жазалайды.

Әскери антты қабылдағандардың тізімі әскери бөлімнің штабында нөмірленген, жіппен тігілген және сүргішті мөр соғылған ерекше папкада 5 жыл бойы сақталып, кейін мұрағатқа өткізіледі.

Әскери қызметшінің әскери билеті мен есептік-қызметтік көрсеткіші кәртішкесіне әскерибөлім штабы бастығы «Әскери антты қабылдады (күні, айы, жылы)» деген белгі қояды.

IV.

1. Әскери антты жауынгердің моральдық-жауынгерлік қасиеттері туралы не айтады?

2. Әскери антта Қазақстан жауынгерлерінің ары мен абыройы туралы не айтылған?

3. Бұл қасиеттер соғыс және бейбіт уақытта қалай көрсетілуі тиіс?

4. Қазақстан Республикасының әскери анты қай жылы, күні, айы бекіді.

V. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 17 бет әскери ант жазу, жаттау 17-21 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышандары және әскери бөлімнің жауынгерлік туы.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Оқушыларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне: «Ту», «Елтаңба», «Әнұраны» Қазақстан ұлттық рәміздердің қалыптасу тарихына байланысты ұғымдарды оқып меңгеруі, оларға құрметпен қарау;
- ә). дамытушылық: Оқушыларды ар-намыс, ұят, жауапкершілік сияқты адамгершілік қағидаларын сақтай отырып, рәміздерді дұрыс және сауатты сипаттай білуге, құрметтеуге дамыту;
- б). тәрбиелік: Оқушыларды рухани және елжанды азаматқа тән жауапкершілік, мақтаныш, құрмет тағы басқа қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: лекция сұрақ-жауап

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: Қазақстан тарихы

VII Сабақтың көрнекілігі: «Ту», «Елтаңба», «Жауынгерлік ту»

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
  - ә) түгендеу
  - б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.
3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.
4. Жаңа өткен материалды бекіту.
5. Сабақты қорытып, баға қою.
6. Үй тапсырмасын беру.

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышандары және әскери бөлімнің жауынгерлік туы.**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы 1996 жылдың 24 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Заң күші бар «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы» Жарлығымен белгіленген. ҚР Мемлекеттік Туының авторы – Шәкен Ниязбеков. Елтаңба – Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнің мәтіні мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнің музыкалық редакциясы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» конституциялық заң күші бар музыкасын жазған.

Шәмші Қалдаяқов

Сөзін жазғандар – Жүмекен Нәжімеденов

Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің рәміздері. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары туралы» 1996 жылдың 18 шілдесіндегі №3068 Жарлығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ ҚР-сы аумағында тұрып жатқан адамдар Қарулы Күштерінің жалауларын, әскери бөлімнің Жауынгерлік туын және ҚР ҚК-ің нышандарын құрметтеуге міндетті. Бөлімнің Жауынгерлік Туы – жауынгерлік абыройдың, айбын мен даңқтың рәмізі.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскер бөлімінің Жауынгерлік Туы екі бетті матадан, сап пен шашақты баудан тұрады. Тудың матасы тік бұрышты, өлшем ұзындығы 145см, ені 115см, екі бүктелген көк жібектен жасалады және үш жағынан шеттері алтын түстес жібек шашақтармен әріптеледі.

Беткі жағында матаның ортасында алтын түстес жібекпен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының контуры тігілген, бейненің өлшем биіктігі бойынша 50см.

Матаның жоғарғы шеті бойымен алтын түспес жібекпен «Қазақстан Республикасы» деген жазу, ал төменгі шеті бойымен «Отан үшін» деген жазу тігілген, жазу әріптерінің биіктігі 7,5см.

Матаның сыртқы жағында ортасында – аппликация: контурдың орталығында күн мен сәулелері және қалықтаған бүркіт бейнеленген қызыл-күрең түсті жібектен бес бұрышты жұлдыз. Жұлдыздың қарама-қарасы ұштары арасындағы өлшем – 56см, жұлдыздың үстінде алтын жібекпен «Міндет, абырой, ерлік» деген ұран, ал жұлдыздың астында әскер бөлімінің нөмірі мен аталымы тігілген. Цифрларының өлшемі биіктігі бойынша – 10см, жазу әріптерінің өлшемі – 7,5см. Әскер бөлімінің аталымына кіретін сөздердің санына қарай цифралардың өлшемі 6см-ге дейін, ал әріптердің өлшемі 4см-ге дейін кішірейтілуі мүмкін. Бұл орайда жұлдыздың бейнесі Жауынгерлік Ту



матасының орталығынан жоғары қарай 12см-ге дейінгі аралыққа жоғары жылжытылуы мүмкін.

Матаның сол жағында оны сабына кіргізуге арналған тесік бар, тесіктің диаметрі 4см.

Тудың сабы қимасы дөңгелек ағаш, диаметрі 4см, ұзындығы 2,5см. Ағаш сап күңгірт қоңыр түспен сырланып лактеледі, төменгі ұшында металл шығыршық, ал жоғарғы ұшында алтын түстес жібектен шеттерінде екі шашағы болып жасалады. Баудың ұзындығы – 270-285см.

Әскери бөлімнің Жауынгерлік туы – әскери бөлімнің еңбегін айқындайтын, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне жататындығын көрсететін ерекше құрметті белгі. Жауынгерлік ту әскери бөлімде, атауы мен нөмірінің өзгеруіне қарамастан, тұрақты түрде сақталады.

Жауынгерлік ту әрқашан өз бөлімімен бірге жүреді, ал ұрыс даласында бөлімнің ұрыс әрекетін жүргізіп жатқан ауданда болады.

Әскери бөлімнің бүкіл жеке құрамы ұрыста өздерінің Жауынгерлік туын жан аямай және ерлікпен қорғауға міндетті, оны қарсыластарының тартып алуына жол бермеуі керек.

Жауынгерлік туды жоғалтқан жағдайда – мұндай абыройсыздыққа тікелей жауапты әскери бөлім командирі мен әскери қызметшілер сотқа таратылып, әскери бөлім таратылады.

Кемеде көтерілген Қазақстан Республикасының әскери-теңіз жалауы – Кемениң Жауынгерлік туы болып саналады және оның мемлекеттік мүлік ретінде қол сұғылмауын бейнелейді.

ІҮ.

1. Әскери бөлімнің Жауынгерлік туы дегеніміз не? Ол туралы түсініктеріңді айтып беріңдер.

2. ҚРҚК-і туларының түстерін суреттей отырып айтып беріңдер.

3. Әскери бөлімі үшін Әскери тудың маңызы қандай?

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 25-33 беттер. БӘД оқулығы 2000жыл 15-24 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Қазақстанның қазіргі армиясы

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамы мен түрлері, әскер түрлері олардың қару-жарағы және міндет-мақсатын түсіндіру, білдіру, меңгерту;
- ә). дамытушылық: Оқыта және тәрбие бере отырып Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін дұрыс және сауатты ажыратуға үйрету, ұғым түсініктерін дамыту;
- б). тәрбиелік: Оқушыларды елін, жерін сүйеге саналы түрде отанын қорғауға дайын болуды, Қарулы Күштерге деген құрметті, ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: Қазақстан тарихы

VII Сабақтың көрнекілігі: Плакат, видеосюжет, АӘД оқулығы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
  - ә) түгендеу
  - б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.
3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.
4. Жаңа өткен материалды бекіту.
5. Сабақты қорытып, баға қою.
6. Үй тапсырмасын беру.

### **Қазақстанның қазіргі армиясы.**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ұйымын құрайтындар: Жоғарғы бас қолбасшы; Қорғаныс министрі, Қорғаныс министрлігі; Әскер бөлімдері, бөлімшелері, әскери мекемелер.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы бас қолбасшысы Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады; оған әскери доктринаны, ҚРҚК-ің, басқа да әскери мен әскер жасақтамаларының санын, әскери қаулысының, қару мен әскери техниканы дамытудың ұзақ мерзімдік бағдарламаларын, әскери анттың мәтінін, ҚРҚК-ің әскерлері мен әскери жасақтамаларының жарғыларын, тулары мен жалауларын, киімнің әскери нысаны мен айырым белгілерін бекіту құқығы берілген. Қорғаныс министрлігі ҚРҚК-ін басқаратын орталық орган болып табылады. ҚМ-гі олардың дамуы үшін және мемлекеттік қорғау жөніндегі міндеттерді атқаруға дайындығы үшін толық жауапты болады.

Бейбіт уақытта басқа әскерлер мен әскер жасақтамалары штабтарымен бірге бірлескен іс қимылдың нұсқаларын жоспарлайды және өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

Әскер түрлері: ұрыс қимылдарын тікелей жүргізуге арналған, белгілі бір ұрыс құралдарына ие және өздеріне тән жауынгерлік мақсаты, ұрыс техникасы, қаруы, тактикасы мен ұйымы бар әскер.

Арнайы әскерлер: ҚК-дің жауынгерлік және күнбе-күнгі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы міндеттерді орындауға арналған әскери бөлімдері мен бөлімшелері.

Әскери бөлім: ҚР ҚК-ің барлық түрлеріндегі өз алдына ұйымдық, жауынгерлік, саптық және әкімшілік-шаруашылық бірлігі. Аталымы, елтаңбалық мөрі, Жауынгерлік туы, әскери-теңіз күштерінде әскери-теңіз жалау болады.

Әскери бөлім: әскери бөлімнің және ҚК мекемесінің шартты цифрлық аталымы.

Бөлімше: әдетте тұрақты ұйымы, қаруы мен құрамы болатын әскер жасақтамасы. ҚК-ің әрбір түрінде және әскер түрінде болады, басқа бөлімшелер мен бөлімдерге кіреді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері: ҚР Президентінің жарғысымен 7 май 2003 жылы №1085.

Құрлық әскерлері құрамында бірнеше арнайы әскер түрлері мен «Шығыс», «Оңтүстік», «Батыс», «Астана» өңірлік.

Әскер түрлеріне мотоатқыштар, танк және артиллерия әскерлері, ал арнайы әскерлерге – инженерлік, химия, байланыс, радио және радиотехникалық, автомобильдік әскерлер және т.б. жатады.

Мотоатқыштар әскерлеріне – мотоатқыштар бөлімшесі, бөлімдер және құрамалар жатады. Олар ұрыс құралдарының әр түрімен қаруланған және толық моторландырылған. Олардың бөлімшелері мен бөлімдері соғыста жаяу әскерлердің ұрыс машинасымен, бронетранспортерлермен жабдықталған және ұрыс жүргізеді.

Мотоатқыштар – жаяу әскерлердің мұрагерлері, әскердің өте ежелгі түрі.

Ғасырлар бойы оны «дала падишасы», «жаяу әскер анасы» деп құрметтеген.

Танк әскерлері – салыстырмалы түрде жас әскер. Тарихы бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарынан басталады.

Танк әскерлері – құрлық әскерлерінің басты екпінді күші. Олар, көбінесе, ең басты маңызды міндеттерді орындау үшін қолданылады.

Құрлық әскерінің артиллериясы – артиллериялық бөлімшелер мен бөлімдердің болуы құрлық әскерлерінің айтарлықтай күшейтті. Олар өз соққыларымен қысқа уақыттың ішінде қарсыластардың бөлімшелерімен бөлімдерін түгел жойып жіберуі мүмкін.

Инженерлік әскерлер – бірде-бір әскери мәселе инженерлік қамтамасыз етусіз шешілмейді. Олар шабуылда әскерлердің жылжуын қамтамасыз етеді, жолдар мен көпірлер салады, сулы тосқауылдардан өту құралдарын жабдықтайды, қарсыластардың бөгеттеріне өткелдер жасайды,

минасыздандырады. Қорғаныс кезінде инженерлік әскерлер қорғаныстық шептерді және позицияларды тұрғызады, бөгеттер жасайды.

Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлері РХБ қорғау – ядролық қарумен басқа жаппай жою құралы бар болуы осы құрал, қару түрлерін қолдану жағдайында, сондай-ақ радиациялық және химиялық қауіпті объектілердегі қиратулар, аппараттар кезінде әскерлерді қорғау бойынша шаралар қабылдау қажеттілігін тудырады. Осындай тапсырмаларды шешуге РХБ қорғау әскерлері маңызды рөл атқарады. Байланыс әскерлері – бөлімшелер мен бөлімдердің арасында берік және тұрақты байланыстың болуын, бейбіт кезде және соғыстың барлық түрінде ойдағыдай басқарылуын қамтамасыз етеді.

Техникалық қамтамасыз ету бөлімдері – бөлімшелер мен бөлімдер ракеталар мен оқ-дәрілерді күтіп ұстауға және сақтауға, әскерлерді қару жарақпен, техникамен, оқ-дәрілермен қамтамасыз ету және бұзылған қару-жарақ пен техниканы жөндеуді ұйымдастырып, оларды уақытында іске қосуға арналған.

Тыл бөлімшелері, бөлімдері мен құрамалары – әскерлердің тылын қамтамасыз етуге арналған. Олар ұрыс жүргізіп жатқан бөлімдерге материалдық құралдарды жеткізу, жаралыларды, бұзылған техникаларды эвакуациялау және басқа да жүктерді тасымалдау міндеттерін атқарады. Әуе қорғаныс күштері мемлекеттің әуе шекарасын және қарсыластың соққысынан әскерлерді қорғайтын маңызды құрал болып табылады, олардың құрамына әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері мен әскери әуе күштері кіреді.

Әуе шабуылынан қарсы қорғаныс әскерлері ӘШҚӘ, зениттік-ракеталық әскерлерден, ӘШҚҚӘ авиациясынан, радио-техникалық және арнайы әскерлерден тұрады. Әуе кеңістігін қорғауға, әуедегі қарсыласты тойтаруға, бейбіт күндері де елдің әкімшілік және экономикалық орталықтарын, ҚК топтамаларын, басқа да маңызды объектілерді қорғауға арналған.

Әскери әуе күштері күшті ракеталық-пулеметтік қару-жарақпен және жетілдірілген радио электрондық қондырғылар мен жабдықталған реактивтік , дыбыстан жылдам ұшатын авиация құрайды.

ӘЭК майдан, армиялық және әскери тасымалдау авиацияларынан тұрады. Әскери-теңіз күштері ҚР аумақтық тұтастығын және экономикалық мүддесін, Каспий теңізіндегі ұрыс қимылдарын, операцияларының барлық түрлерін жүргізуге арналған.

Аэроұтқыр әскерлері құрлық әскерлерімен тығыз байланыста аэроұтқыр әскерлері бөлімдері мен бөлімшелері қолданылады. Бізде десантшыларды «қанатты жаяу әскер» деп атайды.

Ракеталық әскерлер және артиллерия қарсыласты атыспен жоюдың негізгі құралы болып табылады. Қарсыластың ядролық және химиялық шабуыл құралдарын, әскерлер мен авиацияның орналасу орындарындағы негізгі топтарын, басқару пункттерін, тыл және басқа маңызды объектілерін жоюға арналған.

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Жарғылары, әскери қызметшілерінің мінез-құлқының құқықтық негізі. Тәртіп және әскери құқық.

IV Сабақтың мақсаты:

- a). білімділік: Оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғыларымен таныстыру. Тәртіп және әскери құқық туралы мәлімет беру;
- ә). дамытушылық: Оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғыларын таныстыра отырып, оқушылардың ой-өрісін дамыту;
- б). тәрбиелік: Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, пәнге қызығушылықтарын арттыру.

V Сабақтың түрі: лекция сұрақ-жауап

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: Қазақстан тарихы

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, плакаттар, ҚРҚК Жарғылары, газет-журналдар

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- a) сәлемдесу
  - ә) түгендеу
  - б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.
  3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.
  4. Жаңа өткен материалды бекіту.
  5. Сабақты қорытып, баға қою.
  6. Үй тапсырмасын беру.

## **Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғылары, әскери қызметшілерінің мінез-құлқының құқықтық негізі. Тәртіп және әскери құқық.**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғылары жеке құрамды тәрбиелеу мен оқыту негіздеріндегі әскери қызмет заңдарының жиынтығы болып табылады.

Онда әскери қызметшілердің міндеттері мен құқықтары және өзара қарым-қатынастарды анықталады.

Әскери Жарғыларға: ішкі қызмет Жарғысы, тәртіптік Жарғы, гарнизондық және қарауылдық қызметтер Жарғысы, саптық Жарғы жатады.

Жарғыларда әскери қызмет пен әскери тәртіптіліктің және оның негіздері баяндалады. Жарғылар ҚР азаматтары моральдық кодексінің адамгершілік принциптерімен тығыз байланысты. ҚРҚК әскери жарғылары 1998 жылы 27 қарашадағы №4156 жарлығымен бекіді.

Біздің жарлығымыздың басты талабы әскери қызметшілерді Отанды қорғаудағы жеке басының жауапкершілігіне, өз халқына, Отанына адал қызмет етуіне жоғары қырағылық пен тұрақты ұрыстық дайындықты ұстап тұруына негізделеді.

ҚРҚК-ің ішкі қызмет жарғысы: әр түрлі санаттағы әскери қызметшілердің жалпы және лауазымдық қызмет міндеттерін олардың бастықтар мен бағыныштылар арасындағы қарым-қатынасты, бұйрықтар беру мен орындалу тәртібін, әскери сыпайлық ережелері мен жеке құрамның мінез-құлқын анықтайды.

ҚР ҚК-ің тәртіптік жарғысы: әскерлердің жауынгерлік қабілеттілігі мен тұрақты жауынгерлік дайындығын аса маңызды шарты әскери тәртіп болып табылады. Тәртіптік жарғыда әскери тәртіптілік мәні, көтермелеу мен сөгіс жариялаудың түрлері, бастықтар мен командирлердің тәртіптік құқықтары баяндалады.

ҚРҚК-ің гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің жарғысы: гарнизондық және қарауылдық тағайындау мәселелері белгіленеді. Жарғыда гарнизондағы лауазымды адамдардың жеке қарауылдық қызмет атқарушы әскери қызметшілердің міндеттері мен құқықтары, әскердің қатысуымен гарнизондық және басқа да шараларды өткізу тәртібі айқындалады.

Саптық жарғы: әскери қызметшілердің және бөлімшелелердің саптық тәсілдерді орындау ережелері мен тәртібін, саптық тәсілдерді орындау ережелері мен тәртібін, саптық байқау өткізу ретін, сап алдындағы әскери қызметшілердің міндетін, сондай-ақ ұрыс алаңында жылжи білу жолдарын баяндайды.

ҚРҚК-ің әскерге қызметшілер мінез-құлқының құқықтық негізі: ҚР «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғау» туралы заңында былай деп көрсетілген. ҚР мемлекеттік егемендігін қорғау, оның ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қарулы шабуылды тойтару және агрессорлық жеңіліске ұшырату, ҚР мемлекеттік мүдделерін қорғау және оның халықаралық міндеттемелерге сәйкес

тапсырмаларды орындауы, әскери антқа адал болуы, әскери жарғылардың талаптарын қатаң сақтау және әскери борыштың мәнін құрайды.

Тәртіп және әскери құқық: әскери тәртіп мемлекеттік тәртіптің бір түрі болып табылады. Ол әскери құрылыстың бір принципі ретінде жүреді, ұйымдастырушы фактор рөлін атқарады, әскери ұжым ішінде қарым-қатынас жүйесін тәртіпке келтіріп сақтайды.

Әскери тәртіп әскери тәртіп әскерлердің ұрысқа дайындығының маңызды бір бөлшегі екендігі күмән туғызбайды. Әскери тәртіп барлық әскери қызметшілердің заңды және әскери жарғыларда көрсетілген тәртіп пен ережелерді қатаң және дәл сақтау болып табылады.

Мемлекеттік тәртіптің бір түрі ретінде әскери тәртіпке жалпы қасиеттер тән.

Біріншіден, әскери тәртіптің басқа мемлекеттік тәртіптен айырмашылығы.

Екіншіден, әскери тәртіп ережелері қызметтен тыс ортада да таратылады.

Үшіншіден, әскери тәртіп басқа тәртіптерге қарағанда орындаушыларға неғұрлым жоғары талаптар қояды.

Төртіншіден, командирмен, бастықтардың тәртіптік құқықығының көлемі басқа лауазымды тұлғаларға қарағанда кең болуы.

Бесіншіден, әскери тәртіп талаптарын бұзғаны үшін тәртіптің басқа түрлерімен салыстырғанда, заң алдында қатаң жауапқа тартылуы белгіленген.

IV.

1. Әскери Жарғылардың талаптары қандай?

2. Әскери қызметшілер мінез-құлқының құқықтық негізі деген ұғымды қалай түсінесіңдер?

3. Әскери тәртіп әскери қызметшіге нені міндеттейді.

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2014ж. 70-79 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Тәртіптік Жарғысы.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Оқушылардың әскери тәртіптің мәнін, әскери қызметшілердің оның сақтаудағы міндеттерін, көтермелеу және тәртіптік жазалардың түрлерін таныстыру;
- ә). дамытушылық: Әскери тәртіптілік мәні, армиядағы белгіленген оның негізгі талаптары, реті көтермелеулер мен сөгіс жариялаудың түрлері, бастықтар мен командирлердің тәртіптік құқықтарын меңгерту білімдерін топтастырып дамыту;
- б). тәрбиелік: Тәртіптік жарғыға айтылғандай талаптарын жүрегімен, ақылымен орындауға, тәртіптілікке, шыдамдылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: Құқықтану, азаматтану

VII Сабақтың көрнекілігі: ҚРҚК тәртіптік жарғысы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тәртіптік жарғысы**

Әскерлердің жауынгерлік қабілеттілігі мен тұрақты жауынгерлік дайындығының аса маңызды шарты – әскери тәртіп болып табылады.

Әскери қызметшілер әрдайым жоғары мәдениет, қарапайымдылық және ұстамдылық үлгісі болуға, өзінің қадір-қасиетін қорғауға және басқалардың қадір-қасиетін құрметтеуге тиіс.

Олар өз мінез-құлқына қарап тек өздері туралы ғана емес, тұтас алғанда Қарулы Күштердің ар-абыройын туралы пікір түйілетінін есте ұстау тиіс.

Әскери қызметшілердің арасында өзара қарым-қатынастар өзара силастық негізінде құрылады. қызмет мәселелері бойынша олар бір-біріне «Сіз» деп тік қатуға тиіс. Бұл ереже бастықтарға да бағыныштыларға да бірдей қолданылады.

Бастықтың немесе аға шендінің сұрағына мақұлдап жауап беру қажет болғанда әскери қызметшілер «Дәл солай» деп жауап береді.

I тарау 1 тармақ әскерлердің жауынгерлік қабілеттілігі мен тұрақты жауынгерлік дайындығының аса маңызды шарты әскери тәртіп болып табылады.

Командирлер бастықтар күн сайын әскери бөлімдерде, корабльдерде және бөлімшелердің заңдарың, әскери жарғылардың, командирлердің, бастықтардың бұйрықтарының, өкімдерінің талаптарын қатаң басшылыққа ала отырып әскери тәртіпті қолдануға міндетті.

2 тармақ әскери тәртіп дегеніміз – барлық әскери қызметшілердің ҚР Конституциясы мен Заңдарға, әскери жарғылар мен командирлердің, бастықтардың бұйрықтарында белгіленген тәртіп пен ережелерді, сондай-ақ әскери қызметшілердің арасындағы мінез-құлық және өзара қарым-қатынас нормаларын қатаң және дәл сақтау.



3 тармақ әскери тәртіп – әрбір әскери қызметшінің өзінің әскери борышын және өзінің Отанын – Қазақстан Республикасын қорғауға деген жеке жауапкершілігін, өз халқына шексіз берілгендігін жоғары сезінуіне негізделеді.

4 тармақ әскери тәртіп – әрбір әскери қызметшіні өзінің әскери борышын адал атқаруға міндеттейді.

Әскери қызметшілерді тәртіпке тәрбиелеудің негізгі әдіс – көз жеткізу болып табылады, бірақ өз әскери борышын адал орындалмағандарға күштеу әдісін қолдауы мүмкіндігін де жаққа шығармайды.

Бастықтар мен аға шенділер қызмет бойынша бағыныштылар мен кіші шенділерге тіл қатқанда оларды әскери атағы мен тегі бойынша немесе атағы бойынша ғана, соңғы жағдайда атақтың соңына «мырза» деген сөзді қоса отырып атайды.

Бастықтың бағыныштыға бұйрықтар беру құқығы бар және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Бастық бағынышты үшін әдептілік пен ұстамдылық үлгісі болуға тиіс. Бағыныштының адамдық қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеті үшін бастық жауапкершілікте болады.

Бағынышты бастықтың бұйрықтарын сөзсіз орындауға міндетті.

II тарау Көтермелеулер. 18 тармақ. Көтермелеу қызметтік істің жоғарғы бағалануы, әскери қызметшілерді тәрбиелеу мен әскери тәртіпті нығайтудың маңызды құралы болып табылады. Көтермелеу өзінің қызметтік міндеттерін адал және ынтамен орындайтын, қызмет атқаруда көрсеткен ынтасы мен әскери борышты орындау кезінде ерекше көзге түскен әскери қызметшілерге қатысты қолданылады.

III тарау Тәртіптік жазалар. 48 тармақ

Тәртіптік жаза әскери қызметшілерге қызмет бойынша, тіпті уақытша болса да бағынатын бастықтың билігімен қолданылатын жаза. Ол әскери қызметшілерге әскери тәртіп пен қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін қолданылады. Тәртіптік жаза әскери қызметшіні жауаптылықтың басқа түрлерінен босатпайды.

20 тармақ Мерзімді әскери қызметтің сарбаздары, матростары мен сержанттарына, старшиналарына мынадай көтермелеулер қолданылады:

а бұрын қолданылған тәртіптік жазаны алып тастау;

ә алғыс жариялау;

б әскери бөлімнің тұрған жерінен немесе кемеден жағаға 2 тәулікке дейін мерзімге бейімдемеге рұқсат беру.

IV.

1. Әскери тәртіп дегеніміз не?

2. Әскери тәртіп әскери қызметшіге нені міндеттейді?

3. Көтермелеу мен жазалардың қандай түрлері болады?

4. Тәртіптік жазаны орындау мен белгілеудің реті қандай?

V. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 85-88 беттер, ҚРҚК Тәртіптік Жарғы

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет Жарғысы.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Әскери қызметшілерінің міндеттерін ұғындыру, әскери атақтар мен айырым белгілері туралы түсіндіру;
- ә). дамытушылық: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметкері туралы оқушылардың ұғымын, түсініктерін дамыту, айырым белгілері мен атақтарын ажыратуға үйрету;
- б). тәрбиелік: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерге деген құрмет сезімін ояту, қырағылыққа, ұқыптылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас

VI Сабақтың пәнаралық байланысы:

VII Сабақтың көрнекілігі: Плакаттар, әскери мен айырым белгілері, Үлестірмелі материалдар

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет Жарғысы**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшісі іс-әрекетіне Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, әскери Жарғылардың талаптарын басшылыққа алуы және саяси мақсаттарды көздейтін қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметіне қатысы болмауы тиіс.

Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын қатаң сақтауға және әскери Жарғылардың талаптарын орындауға;

Әскери антқа адал болуға, өз халқына жанқиярлықпен қызмет етуге; ерлікпен, Қазақстан Республикасын қырағылықпен, қасық қаны қалғанша аянбай қорғауға, әскери борышын адал орындауға, әскери қызметтің қиындықтарын табандылықпен өткеруге;

Өз Отанының патриоты болуға, түрлі ұлттардың әскери қызметшілерінің арасындағы достықты нығайтуға;

Адал, тәртіпті, ержүрек болуға, түрлі ұлттардың әскери борышын орындау кезінде байыпты бастама жасауға;

Командирлерге, бастықтарға сөзсіз бағынуға және оларды ұрыста қорғауға, әскери бөлімнің жауынгерлік туын сақтауға;

Әскери кәсіптік білікті ұдайы меңгеруге, өзінің машықтануы мен әскери шеберлігін жетілдіруге;

Өзіне сеніп берілген қару мен әскери техниканы білуге және оларды ұдайы әзірлікте ұстауға, әскери мүлікті және басқа да материалдық құндылықтарды сақтауға;

Әскери бауырластықты бағалауға, жолдастарын қауіптен құтқаруға көмектесуге, оларға сөзмен де, ісімен де көмектесуге, әрқайсысының ар-намысы мен абройын құрметтеуге,

басқа да әскери қызметшілерге қатысты тұрпайлық пен қорлауға жол бермеуге, оларды лайықсыз іс-қылықтардан тежеуге;

Әскери әдептілік, мінез-құлық пен әскери сәлемдесуге қағидаларын сақтауға, әрдайым және барлық жерде өз қадыр-қасиеті, абройын биік тұтуға, нысанды киімін таза, ұқыпты киюге;

Қырағы болуға, әскери және мемлекеттік құпияны қатаң сақтауға міндетті.

Әскери қызметші Қазақстан Республикасының қорғаушысы деген жоғары атаққа лайықты болуға, Қарулы Күштердің абройы мен жауынгерлік даңқын, өзінің әскери бөлімі, өзінің әскери атағын қадірлеуге тиіс.

Әскери қызметші: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, халықтар достығын бағалай білуге, Қазақстан Республикасында тұратын ұлттар арасында өзара қарым-қатынастарында сыйластықты нығайтуға себептесуге міндетті.

Әскери қызметшілердің – өзара қарым-қатынасында олардың ұлттық сезімдері, ғұрыптары мен дәстүрлері құрметтелуге тиіс.

Арнайы міндеттерді орындау үшін әскери қызметшілерге Заң актілерімен және Қарулы Күштердің әскери Жарғыларымен айқындалатын қосымша құқықтар берілуі мүмкін.

Әскери қызметшіге: қандай да болмасын саяси партияны қолдауға, ереуілдер, пикеттер, өзге де наразылық шараларын ұйымдастыруға, оларға қатысуға, командирлердің, бастықтардың қызмет бабындағы, қызмет мүдесінде берілген бұйрықтарын, пәрмендерін талқылауға және сынауға, дінге қандай да болсын қатыстылықты қызметтің кез келген түрімен айналысуға, сондай-ақ қызмет бабын пайдаланып жұмыстар орындауға, сондай-ақ қызметтер көрсетуге, осы үшін сыйақы алуға қатаң тыйым салынады.

Әрбір әскери қызмешіге тиісті әскери атақ беріледі. Әскери атақтар беру жеке түрде олардың қызметтік жағдайына, әскери немесе арнаулы дайындығына, қызмет атқарған жылдарына, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түріне, әскери тегіне қатыстырылымына, сондай-ақ Ота алдындағы сіңірген еңбегіне қарай жүзеге асырылады. Әскери атақтар әскерлік және кемелік деп бөлінеді.

Өзінің қызмет жағдайы мен әскери атағы бойынша бір әскери қызметші бір-біріне қатысты бастық немесе бағынышты болуы мүмкін.

Бастықтың бағыныштыға бұйрықтар беру құқығы бар және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Бастық бағынышты үшін әдептілік пен ұстамдылықтың үлгісі болуға тиіс. Бағыныштының адамдық қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеті үшін бастық жауапкершілікте болады.

Бағынышты бастықтың бұйрықтарын сөзсіз орындауға міндетті.

Командир қызметі жөнінен өзіне бағынышты әскери қызметшілер үшін бастық болып табылады.

Қызметі жөнінен уақытша болса да әскери қызметшілер бағынатын бастықтар тікелей бастықтар болып табылады.

Қызметі жөнінен бағыныштылық тәртібіне байланыссыз мынадай әскери қызметшілер әскери атағы бойынша бастықтар болып табылады:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерінің әскери атақтарының тізбесі

Құрамы	Әскери атақтар	
	әскерлік	кемелік
Жауынгер мен матростар	Қатардағы жауынгер Ефрейтор	Матрос Аға матрос
Сержанттар (старшиналар)	Кіші сержант Сержант Аға сержант Үшінші дәрежелі сержант	Екінші дәрежелі старшина Бірінші дәрежелі старшина Бас старшина Үшінші дәрежелі старшина

	Екінші дәрежелі сержант Бірінші дәрежелі сержант Штаб-сержант Шебер-сержант	Екінші дәрежелі старшина Бірінші дәрежелі старшина Штаб-старшина Шебер-старшина
Кіші офицерлер	Лейтенант Аға лейтенант Капитан	Лейтенант Аға лейтенант Капитан-лейтенант
Аға офицерлер	Майор Подполковник Полковник	3-дәрежелі капитан 2-дәрежелі капитан 1-дәрежелі капитан
Жоғары офицерлер	Генерал-лейтенант Генерал-полковник Армия генералы	Контр-адмирал Вице-адмирал Адмирал


Армия генералдары, адмиралдар аға және кіші офицерлер, старшиналар, сержанттар, жауынгерлер мен матростар үшін.

Генералдар, адмиралдар, полковниктер мен 1-дәрежелі капитандар кіші офицерлер, старшиналар, сержанттар, жауынгерлер мен матростар үшін.

Подполковниктер, 2-дәрежелі капитандар, майорлар, 3-дәрежелі капитандар старшиналар, сержанттар, жауынгерлер, матростар үшін.

Кіші офицерлер старшиналар, сержанттар, жауынгерлер мен матростар үшін.

Старшиналар мен сержанттар олармен бір әскери бөлімдегі жауынгерлер мен матростар үшін.





IV.

1. Әскери қызметшілердің жалпы міндеттері қандай?
2. ҚР ҚК әскери қызметшілері үшін белгіленген әскери атақты атаңдар?
3. Бастықтар мен бағыныштыларға, аға және кіші шенділерге кімдер жатады?

V. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 80-84 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Тәуліктік наряд.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Тәуліктік нарядтың тағайындалуы, құрамы, қарулануы туралы және қызметтерінің жалпы мазмұны және ерекшеліктерін түсіндіру, білдіру;
- ә). дамытушылық: Оқыта және үйрете отырып тәуліктік кезекшінің тағайындалуы, құрамы және міндеттерін дамыту;
- б). тәрбиелік: Оқушыларды Отанын қорғауға дайын болуды, рота бойынша кезекшінің қызметінің қиыншылықтарын жеңе білуді, шыдамдылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: лекция

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене тәрбиесі, әскери тарих

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, плакат, ҚРҚК Ұшқң қызмет Жарғысы.

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
  - ә) түгендеу
  - б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
2. Ұй тапсырмасын сұрау, тексеру.
3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.
4. Жаңа өткен материалды бекіту.
5. Сабақты қорытып, баға қою.
6. Ұй тапсырмасын беру.

### **Тәуліктік наряд**

1. Тәуліктік наряд әскери даярлық пен ішкі тәртіпті сақтауға, әскери бөлімнің жеке құрамын, қару-жарағын, әскери техникамен оқ-дәрілерін, материалдық қорларын, үй-жайлары мен мүліктерін күзетуге, бөлімшелердегі істің жай-күйін бақылауға және құқық бұзудың алдын алу жөнінде дер кезінде шаралар қабылдауға, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген тәуліктік наряд қызметі бойынша басқа да міндеттерді орындауға арналған.

2. Тәуліктік нарядтың құрамы оқу кезеңіне бөлім бойынша бұйрықта жарияланады.

Бөлімнің тәуліктік нарядының мынадай құрамы көзделеді:

- Бөлім бойынша кезекші;
- Бөлім бойынша кезекшінің көмекшісі;
- Қаруыл
- Кезекші бөлімше
- Парк бойынша кезекші және тәуліктік кезекшілер, сондай-ақ кезекші сүйреткіштердің механик-жүргізушілері;
- Кезекші фельдшер және медициналық пункт бойынша тәуліктік кезекшілер;
- Бақылау-өткізу пункті бойынша кезекші және оның көмекшілері;
- Асхана бойынша кезекші;
- Бөлімнің штабы бойынша кезекші;
- Кезекші белгі беруші-барабаншы;
- Шабармандар;
- Өрт наряды.

Бөлім бойынша бұйрықпен күнделікті тағайындалатындар: бөлім бойынша кезекші, бөлім бойынша кезекшінің көмекшісі, қарауылдың бастығы, парк бойынша кезекші, кезекші

бөлімше, сондай-ақ тәуліктік наряд пен жұмыстарға наряд бөлінетін бөлімшелер. Қажет болғанда жағдайда бөлім командирінің тәуліктік нарядтың құрамын өзгертуге құқығы бар.

### 3. Ротаның тәуліктік нарядына:

Рота бойынша кезекші

Рота бойынша тәуліктік кезекшілер тағайындалады.

Рота бойынша тәуліктік кезекшілердің аусым санын бөлім командирі белгіленеді. Жатақхана бойынша тәуліктік нарядтың құрамы, сондай-ақ олардың міндеттері ротаның тәуліктік нарядына сәйкестендіріліп белгіленеді.

Рота бойынша тәуліктік кезекші жауынгерлерден тағайындалады. Ол өзінің қол астында күзетуде тұрған қару-жарақтан, тапаншалар тұрған шкафтардың жәшіктердің, оқ-дәрі салынған жәшіктердің, рота мүліктерінің және жауынгерлерге, сержанттарға жеке заттарының сақталуы үшін жауап береді. Рота бойынша тәуліктік кезекші рота бойынша кезекшіге бағынады.

Рота бойынша кезекті тәуліктік кезекші қазармалық үй-жайдың ішінде кіре беріс есіктің жанында, қару-жарақты сақтауға арналған бөлменің жанында қызметін атқарады.

Ол:

-рота бойынша кезекшінің рұқсатынсыз үй-жайдан шықпауға, қару-жарақ сақтауға арналған бөлмені үнемі қадағалауға;

-бөтен адамдарды осы үй-жайларға кіргізбеуге, сондай-ақ рота бойынша кезекшінің рұқсатынсыз қазармадан қару-жарақты, оқ-дәрілерді, мүліктер мен заттарды алып шығуға жол бермеуге;

-ротадағы барлық оқиғалар туралы, жарғыларда белгіленген рота әскери қызметшілері арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін бұзушылық, байқалған ақаулар және өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылғандығы туралы дереу рота бойынша кезекшіге баяндауға, оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға;

-жеке құрамды таңертеңгі тұру уақыты кезінде, сондай-ақ дабыл немесе өрт болған жағдайда түнде оятуға, күн тәртібінде сәйкес өз уақытында пәрмен беруге;

-үй-жайлардағы тазалық пен тәртіпті қадағалауға және әскери қызметшілердің оларды сақталуына талап ету;

-әскери қызметшілердің салқын кезде, әсіресе түнгі уақытта киінбей үй-жайдан шығуына жол бермеу;

-әскери қызметшілердің темекі шегуді, аяқ киім мен киімдерін тазалауды осыларға арналған орындарда жүзеге асыруына бақылау жасау;

-ротаға тікелей бастықтары – рота командирінен бастап, одан жоғары бастықтары, бөлім бойынша кезекші келген кезде: «Тік тұр» деп пәрмен беруге, ротаға басқа ротаның офицерлері келгенде, сондай-ақ басқа ротаның старшиналары мен әскери қызметшілері келгенде кезекшіні шақыруға міндетті. Мысалы: «Рота бойынша кезекші, мұнда кел».

Кезекші тәуліктік кезекшіге отыруға, жарақтарын алып қоюға, киімнің түймесін ағытуға тыйым салынады.

Бос аусымның тәуліктік кезекшісі рота үй-жайларындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға және рота бойынша кезекшінің рұқсатынсыз ешқайда кетпеуге, әскери жарғыларда белгіленген рота жауынгерлері мен сержанттары арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін бұзған жағдайда оған тәртіпке шақыру шараларын қолдануға, көмектесуге, рота бойынша кезекшінің орнына қалғанда оның міндеттерін орындауға тиісті.

Ротаны елді мекенде жайғастыру кезінде тәулік кезекшінің біреуі рота командирі белгілеген жауыншашынды ауа райынан қорғау үшін төбесі жабылған орында, далада ешқайда кетпей тұруы керек.

Рота бойынша кезекші мен тәуліктік кезекшінің қызмет атқаруына арналған бөлмелер орындар тәуліктік күзет адамдарының қызметтік міндеттерін орындауына ыңғайлы болатындай етіп орналастырылады және жабдықталады.

-белгі қабылдайтын және бөлімшелерге хабарлайтын техникалық құралдар;

-байланыс құралдары телефон, селектор;

- сағаттар;
- жарықтандырудың резервтік көздері;
- тәуліктік күзет құжаттамасы жазылған стенд болуы тиіс.
- Тәуліктік күзетте мынадай құжаттар болуы керек:
- кезекшіге және оның көмекшісіне, тәуліктік кезекшіге, оның ішінде қарастырылған ядролық, химиялық және биологиялық бактериологиялық қару қолдану қаупі төнген жағдайындағы нұсқаулар;
- күн тәртібі;
- телефон станцияларының және лауазымды адамдарды шақыру белгілерінің кестесі;
- өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша нұсқау;
- құжаттар мен мүліктердің тізбесі;
- кезекшілікті қабылдап алу және тапсыру кітабы;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылар жиынтығы.

Рота бойынша кезекшіде, тәуліктік кезекшіде:

- кезекші, тәуліктік кезекші беретін үлгілік пәрмендер мен белгілердің тізбесі;
- ротаның казармадан тыс тұратын әскери қызметшілердің мекен-жайлары, телефондары мен шақыру тәсілдері және шабармандар жазылған тізімі;
- таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларына арналған киім нысандарының үлгілері;
- аумақтық тазарту үшін ротаға бекітілген учаскесінің сызбасы;
- қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді беру, науқастарды, сейілдемеге шыққандарды тіркеу кітабы;
- дабыл бола қалған жағдайдағы жолдама қағаздарымен бірге ұрыс машиналарының от алдыру құлыптары мен люктерінің мөрленген кілттерінің жиынтығы болуы тиіс.

ІҮ.

- 1.Рота бойынша тәуліктік кезекшіге кім тағайындалады?
- 2.Рота бойынша кезекшінің міндеттері қандай?
- 3.Рота бойынша тәуліктік кезекші қызмет атқаруына арналған орын қалай жабдықталатынын айтып беріндер.
- 4.Рота бойынша тәуліктік кезекшіде қандай құжаттар болуы тиіс және ол құжаттар қандай мақсаттарға арналған?

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 88-92 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы



I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Гарнизондық және Қарауылдық қызметтерінің Жарғысы.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Қарулы Күштердің гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің жалпы мазмұны және ерекшеліктерін түсіндіру, білдіру;
- ә). дамытушылық: Оқыта және үйрете отырып тәуліктік кезекшінің тағайындалуы, құрамы және міндеттерін дамыту;
- б). тәрбиелік: Оқушыларды Отанын қорғауға дайын болуды, Қарулы Күштердің гарнизондық және қарауылдық қызметінің қиыншылықтарын жеңе білуді, шыдамдылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: лекция

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене тәрбиесі, әскери тарих

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, плакат, ҚРҚК Гарнизондық және Қарауылдық қызметтерінің Жарғысы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің Жарғысы**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің Жарғысы. Осы Жарғы тәуліктік және гарнизондық нарядтың тағайындалуын, құрамын, қызметін ұйымдастырудың және гарнизондық наряд лауазымды адамдардың міндеттерін айқындайды.

I тарау Тәуліктік наряд

1. Тәуліктік наряд әскери даярлық пен ішкі тәртіпті сақтауға, әскери бөлімнің жеке құрамын, қару-жарағын, әскери техникамен оқ-дәрілерін, материалдық қорларын, үй-жайлары мен мүліктерін күзетуге, бөлімшелердегі істің жай-күйін бақылауға және құқық бұзудың алдын алу жөнінде дер кезінде шаралар қабылдауға, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген тәуліктік наряд қызметі бойынша басқа да міндеттерді орындауға арналған.

2. Тәуліктік нарядтың құрамы оқу кезеңіне бөлім бойынша бұйрықта жарияланады.

Бөлімнің тәуліктік нарядының мынадай құрамы көзделеді:

- Бөлім бойынша кезекші;
- Бөлім бойынша кезекшінің көмекшісі;

Қаруыл

-Кезекші бөлімше

-Парк бойынша кезекші және тәуліктік кезекшілер, сондай-ақ кезекші сүйреткіштердің механик-жүргізушілері;

-Кезекші фельдшер және медициналық пункт бойынша тәуліктік кезекшілер;

- Бақылау-өткізу пункті бойынша кезекші және оның көмекшілері;
- Асхана бойынша кезекші;
- Бөлімнің штабы бойынша кезекші;
- Кезекші белгі беруші-барабаншы;
- Шабармандар;
- Өрт наряды.

Бөлім бойынша бұйрықпен күнделікті тағайындалатындар: бөлім бойынша кезекші, бөлім бойынша кезекшінің көмекшісі, қарауылдың бастығы, парк бойынша кезекші, кезекші бөлімше, сондай-ақ тәуліктік наряд пен жұмыстарға наряд бөлінетін бөлімшелер. Қажет болғанда жағдайда бөлім командирінің тәуліктік нарядтың құрамын өзгертуге құқығы бар.

3.Ротаның тәуліктік нарядына:

Рота бойынша кезекші

Рота бойынша тәуліктік кезекшілер тағайындалады.

Рота бойынша тәуліктік кезекшілердің аусым санын бөлім командирі белгіленеді. Жатақхана бойынша тәуліктік нарядтың құрамы, сондай-ақ олардың міндеттері ротаның тәуліктік нарядына сәйкестендіріліп белгіленеді.

Рота бойынша тәуліктік кезекші жауынгерлерден тағайындалады. Ол өзінің қол астында күзетуде тұрған қару-жарақтан, тапаншалар тұрған шкафтардың жәшіктердің, оқ-дәрі салынған жәшіктердің, рота мүліктерінің және жауынгерлерге, сержанттарға жеке заттарының сақталуы үшін жауап береді. Рота бойынша тәуліктік кезекші рота бойынша кезекшіге бағынады.

Рота бойынша кезекті тәуліктік кезекші қазармалық үй-жайдың ішінде кіре беріс есіктің жанында, қару-жарақты сақтауға арналған бөлменің жанында қызметін атқарады.

Ол:

-рота бойынша кезекшінің рұқсатынсыз үй-жайдан шықпауға, қару-жарақ сақтауға арналған бөлмені үнемі қадағалауға;

-бөтен адамдарды осы үй-жайларға кіргізбеуге, сондай-ақ рота бойынша кезекшінің рұқсатынсыз казармадан қару-жарақты, оқ-дәрілерді, мүліктер мен заттарды алып шығуға жол бермеуге;

-ротадағы барлық оқиғалар туралы, жарғыларда белгіленген рота әскери қызметшілері арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін бұзушылық, байқалған ақаулар және өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылғандығы туралы дереу рота бойынша кезекшіге баяндауға, оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға;

-жеке құрамды таңертеңгі тұру уақыты кезінде, сондай-ақ дабыл немесе өрт болған жағдайда түнде оятуға, күн тәртібінде сәйкес өз уақытында пәрмен беруге;

-үй-жайлардағы тазалық пен тәртіпті қадағалауға және әскери қызметшілердің оларды сақталуына талап ету;

-әскери қызметшілердің салқын кезде, әсіресе түнгі уақытта киінбей үй-жайдан шығуына жол бермеу;

-әскери қызметшілердің темекі шегуді, аяқ киім мен киімдерін тазалауды осыларға арналған орындарда жүзеге асыруына бақылау жасау;

-ротаға тікелей бастықтары – рота командирінен бастап, одан жоғары бастықтары, бөлім бойынша кезекші келген кезде: «Тіктел» деп пәрмен беруге, ротаға басқа ротаның офицерлері келгенде, сондай-ақ басқа ротаның старшиналары мен әскери қызметшілері келгенде кезекшіні шақыруға міндетті. Мысалы: «Рота бойынша кезекші, мұнда кел».

Кезекші тәуліктік кезекшіге отыруға, жарақтарын алып қоюға, киімнің түймесін ағытуға тыйым салынады.

Бос аусымның тәуліктік кезекшісі рота үй-жайларындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға және рота бойынша кезекшінің рұқсатынсыз ешқайда кетпеуге, әскери жарғыларда белгіленген рота жауынгерлері мен сержанттары арасындағы өзара қарым-қатынас

ережелерін бұзған жағдайда оған тәртіпке шақыру шараларын қолдануға, көмектесуге, рота бойынша кезекшінің орнына қалғанда оның міндеттерін орындауға тиісті.

Ротаны елді мекенде жайғастыру кезінде тәулік кезекшінің біреуі рота командирі белгілеген жауыншашынды ауа райынан қорғау үшін төбесі жабылған орында, далада ешқайда кетпей тұруы керек.

Рота бойынша кезекші мен тәуліктік кезекшінің қызмет атқаруына арналған бөлмелер орындар тәуліктік күзет адамдарының қызметтік міндеттерін орындауына ыңғайлы болатындай етіп орналастырылады және жабдықталады.

-белгі қабылдайтын және бөлімшелерге хабарлайтын техникалық құралдар;

-байланыс құралдары телефон, селектор;

-сағаттар;

-жарықтандырудың резервтік көздері;

-тәуліктік күзет құжаттамасы жазылған стенд болуы тиіс.

Тәуліктік күзетте мынадай құжаттар болуы керек:

-кезекшіге және оның көмекшісіне, тәуліктік кезекшіге, оның ішінде қарастырылған ядролық, химиялық және биологиялық бактериологиялық қару қолдану қаупі төнген жағдайындағы нұсқаулар;

-күн тәртібі;

-телефон станцияларының және лауазымды адамдарды шақыру белгілерінің кестесі;

-өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша нұсқау;

-құжаттар мен мүліктердің тізбесі;

-кезекшілікті қабылдап алу және тапсыру кітабы;

-Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылар жиынтығы.

Рота бойынша кезекшіде, тәуліктік кезекшіде:

-кезекші, тәуліктік кезекші беретін үлгілік пәрмендер мен белгілердің тізбесі;

-ротаның казармадан тыс туатын әскери қызметшілердің мекен-жайлары, телефондары мен шақыру тәсілдері және шабармандар жазылған тізімі;

-таңертеңгі дене шынықтыру жаттығуларына арналған киім нысандарының үлгілері;

-аумақтық тазарту үшін ротаға бекітілген учаскесінің сызбасы;

-қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді беру, науқастарды, сейілдемеге шыққандарды тіркеу кітабы;

-дабыл бола қалған жағдайдағы жолдама қағаздарымен бірге ұрыс машиналарының от алдыру құлыптары мен люктерінің мөрленген кілттерінің жиынтығы болуы тиіс.

ІҮ.

1.Рота бойынша тәуліктік кезекшіге кім тағайындалады?

2.Рота бойынша кезекшінің міндеттері қандай?

3.Рота бойынша тәуліктік кезекші қызмет атқаруына арналған орын қалай жабдықталатынын айтып беріндер.

4.Рота бойынша тәуліктік кезекшіде қандай құжаттар болуы тиіс және ол құжаттар қандай мақсаттарға арналған?

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 88-92 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Гарнизондық және Қарауылдық қызметтерінің Жарғысы.  
Қарауылдық қызметті тағайындау және оның міндеттері.  
Қарауылдық қызметті ұйымдастыру.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: ҚР ҚК-дің гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің Жарғысына сәйкес қарауылдық қызметтің тағайындалуы оқу мақсатымен түсіндіру, меңгерту;
- ә). дамытушылық: Оқушыларды қарауылдық қызметінің қиыншылықтарын, әскери терминдердің қолдалуының ерекшеліктерін дамыту;
- б). тәрбиелік: Отанын қорғауға, сүйеге, қарауыл, қарауылшы және сақшының міндетінің қиыншылықтарына төзе білуге және жеңе білуін шыдамдылыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас

VI Сабақтың пәнаралық байланысы:

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, оқу плакаттары

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Қарауылдық қызметі тағайындау және оның міндеттері. Қарауылдық қызметті ұйымдастыру.**

105 бап бойынша қарауылдық қызметті атқару жауынгерлік тапсырманы орындау болып табылады және жеке құрамның қызметті дәл орындауы мейілінше қырағылықты, батыл шешімділікті талап етеді.

Қарауылдық қызметтің талаптарын бұзуға қандай адамдар тәртіптік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

106 бап Қарауылдық қызметті атқару үшін қарауылдар тағайындалады. Жауынгерлік туларды, әскери және мемлекеттік объектілерді күзету мен қорғау жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындау үшін, сондай-ақ гаупт-вахтада және тәртіптік батальонда ұсталатын адамдарды күзету үшін тағайындалған қаруланған бөлімше қарауыл деп талады.

Қарауылдар: гарнизондық және ішкі, кемелік болып бөлінеді; олар тұрақты және уақытша болуы мүмкін.

Гарнизондық қарауыл жалпы гарнизондық маңызы бар объектілерді, құрамалар объектілерін немесе бір-біріне жақын орналасқан бірнеше әскери бөлімдердің объектілерін күзету үшін, сондай-ақ гарнизондық гауптвахтада ұсталып отырған адамдарды күзету үшін тағайындалады.

Ішкі, кемелік қарауыл бір әскери бөлімнің, кемеңнің объектілерін күзету мен қорғау үшін тағайындалады.

Қарауыл құрамына:  
қарауыл бастығы,

постылар мен ауысым саны бойынша қарауылдар, жұмысқа таратушылар, ал қажет болғанда, қарауыл бастығының көмекшісі, техникалық күзет құралдары жөніндегі қарауыл бастығының көмекшісі, қарауыл иттерінің қызметі жөніндегі қарауыл бастығының көмекшісі және көлік құралдарының жүргізушілері тағайындалады.

107 бап Гарнизондық қарауылдар гарнизон бастығына, қарауылдар бойынша кезекшіге және оның көмекшісіне, ал гарнизондық, гаупвахта жанындағы қарауыл оған қоса гаупвахта бастығына бағынады.

109 бап объектілерді тікелей күзету және қорғау үшін қарауылдар құрамына сақшылар бөлінеді.

Сақшы дегеніміз – өзіне тапсырылған постыны күзету және қорғау жөніндегі жауынгерлік тапсырманы орындайтын қаруланған қарауыл.

Сақшының өз міндеттерін орындайтын белгілі бір орын немесе учаске пост деп аталады.

Постыға сондай-ақ қарауылдық техникалық күзет жабдықтары арқылы күзететін, сол жабдықтар орнатылған объектілерді мен жер учаскілері де жатады.

Сақшылар объектілерді қорғауды объектілер маңындағы сыртқы және ішкі қоршаулар арасын немесе егер объектіде қоршау біреу болса, қоршау бойын ішкі жағынан патрульдеу жолымен, сондай-ақ мұнарадан бақылау әдісімен жүргізеді.

111 бап объектілерді патруль жасау жолымен күзетуді ұйымдастыру кезінде сақшыға объектілердің қоршауына және жергілікті жер жағдайларына байланысты белгілі бір уақытта күзету және қорғау үшін ұзақтығы: күндіз – 2 шақырым, түнде – 1 шақырым жол учаскесі тағайындалады. Ал техникалық күзету құралдарымен жабдықталған объектілерді күзету үшін күндіз – 3 шақырым, түнде – 2 шақырым жол учаскесі тағайындалады.

Қарауылдар осы адамдарға қарауылдар әскери бөлім, кеме бойынша кезекші қарсы алу үшін жұмысқа тарату кезінде «Тіктел» деп пәрмен берілген сәттен бастап бағынады, ал олардың бағынысынан ауысымнан кейін өз әскери бөліміне баруы үшін қарауыл бастығы «Адымда» деп пәрмен берген сәттен бастап шығады.

IV.

- 1.Қарауылдық қызметтің міндеттері мен тағайындалуы жайлы айтып беріңдер.
- 2.Қарауылдық қызметті атқару неге жауынгерлік тапсырманы орындау болып есептеледі?
- 3.Қарауыл құрамына кімдер кіреді?
- 4.Сақшының міндеттері туралы айтыңдар.

V. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 93-94 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Объектілерді қоршау және постыларды жабдықтау. Сақшының міндеттері.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Посттың құрылысы және оның жабдықтарымен таныстыру. Сақшының постта қаруын ұстау ережесін түсіндіру;
- ә). дамытушылық: Оқушыларға постының және сақшының бір-біріксіз өз міндеттерін орындайтын, күзететін ерекшеліктерін, ережелерін дамыту;
- б). тәрбиелік: Отанын қорғауға, сүйеге пост және сақшының міндеттерінің, қиыншылықтарына төзе білуге, жеңе білуін шыдамдылыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: лекция

VI Сабақтың пәнаралық байланысы:

VII Сабақтың көрнекілігі: АӘД оқулығы, оқу плакаттары

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Объектілерді қоршау және постыларды жабдықтау. Сақшының міндеттері.**

Күзетілетін объектілер орналасқан аумақтың сым қоршауларының арасы: төменгі бөлігі 5см-ден, жоғарғы бөлігі 15 см-ден аспайтын арақашықтықтағы биіктігі екі метрден кем емес ішкі және сыртқы қоршаулары болуы керек. Сыртқы және ішкі қоршаулардың ара қашықтығы жергілікті жағдайда қарай 10 метр және одан да көп болуы керек. Қоршаулар арасынан сақшылардың жүруіне арналған сүрлеу жол және ені 5 метрден кем емес, қоршаудың сыртқы жағынан өтетін бақылау – қадағалау жолы жабдықталады.

188 бап Қарауыл үй-жайлары мен посттарда техникалық күзет және байланыс құрал-жабдықтарымен жабдықтау, сондай-ақ күзетілетін объектілерді қоршау және оларды осы жарғыда көзделген жабдықтармен қамтамасыз ету әскери объекті бастығына жүктеледі.

Күзетілетін объектілері бар аумаққа кіре берісте түнде және күндіз жақсы көрінетін жазуы бар көрсеткіштер қойылады: мысалы, «Жүруге, өтуге тыйым салынады жол жоқ»

Күзетілетін объектілерге кіре берісті бақылауға ыңғайлы болу үшін қоршаулардың арасына сыртқы қоршауда от өткізбейтін қоршауы бар байланыс, дабыл жүйесі құралымен, қуатты жарықтандырғыш құралдарымен және найзағайдан сақтану құрылғыларымен жабдықталған бақылау мұнаралары орналастырылады.

Пост сақшысының қарауыл бастығын, оның көмекшісін немесе жұмысқа таратушысын дереу шақыра алатындай байланыс құралдарымен, ең кемі екі нүктеден, ал объектілерді патруль әдісімен күзету кезінде – әрбір 250 м жүргеннен кейін жабдықталуы тиіс.

Сыртқы постыларда сырт киімдерін сақтауға арнайы жабдықталған пост «саңырауқұлағы» болуы қажет. Пост «саңырауқұлағы» күзетілетін объектілермен немесе айналадағы жергілікті жермен түстес етіп боялады.

Постыдағы сақшының бекітілген сүңгісі бар қаруы болуы керек; белдікке ілінетін қынаптағы сүңгі – пышак; түнгі уақытта – тұрып атуға оңтайлы жағдайда суретте көрсетілген. а – тұрып атуға дайындалған кездегі сақшының автоматты ұстау күйі;

белдікті қолданып тұрып атуға дайындалған кездегі сақшының автоматты ұстау күйі; күндізгі уақытта – «белдікке» немесе тұрып атуға оңтайлы жағдайларда; ішкі постыларда және жауынгерлік ту жанындағы постыда – ағаш дүмбілі автоматтар – «кеудеге», карабин – аяқта болуы керек; оқжатарлар салынған сөмкелердің аузы жабық болуы керек.

Сақшы – қол сұғылмайтын адам болып табылады. Сақшыға қол сұғылмайтындығы мыналардан көрінеді:

Оның құқығы мен жеке басының қадір-қасиеттері Заңмен айрықша қорғалатындығы;

Оның белгілі бір тұлғаларға ғана – қарауыл бастығына, қарауыл бастығының көмекшісіне және өзінің жұмысқа таратушысына бағынатындығы;

Бұл тұлғалардың сақшы қызмет бойынша айқындалған талаптарын сөзсіз орындауға міндеттілігі;

Гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысының баптарында көрсетілген жағдайларда одан қару қолдану құқығы берілетіндігі. Сақшының міндеттерін жазу, жаттау.

Сақшыға: ұйықтауға, отыруға, бір нәрсеге сүйеніп тұруға, оқуға, ән айтуға, сөйлеуге, тамақ жеуге, су ішуге, темекі шешуге, табиғи қажеттілігін өтеуге, қандай да бір затты әлдекімге беруге немесе одан алуға, қажеттілік болмаса патронды оқжатарға жіберуге тыйым салынады.

Сақшы тек қарауыл бастығының, оның көмекшісінің, өзінің жұмысқа таратушысының және тексеруге келген тұлғалардың сұрағына жауап беруі керек.

Сақшы өзіне немесе өзі күзетіп тұрған объектіге анық шабуыл жасалған жағдайда қаруды ешқандай ескертусіз қолдануға міндетті.

Қарауылды таратушы сақшылардың күзетке барар алдында қару-жарақтарын дұрыс оқталуын және постылардан келген соң оқтарын алып тастауын қадағалайды.

ГжҚҚЖ; 114, 115, 150, 156 – баптар. Қаруды оқтайтын алаңда сапқа тұрғызып «Ауысым, оң жақтан бір-бірлеп оқта» деп пәрмен береді. Қаруды оқтап болған соң әскери қызметші: «Қару оқталды және сақтандырғышқа қойылды» деп баяндайды, сонан соң жеке алып «белдікке» күйінде ұстап, бір адым кейін шегінеді.

Сақшыларды ауыстыру тақ немесе жұп сағаттарда 2 сағат сайын жүргізіліп отырады. Ауаның температурасы – 20 С жоғары және төмен, жел соғып тұрған, қатты аяз болған кезде постылардың сақшылары 1 сағаттық кезекпен ауыстырылады.

Ауысым сақшыға 10-15 адымға жақын келгенде, қарауылдың жұмысқа таратушысы: «Ауысым, тоқта» деп пәрмен береді де, бір қарауылға пост пен оның маңайына бақылау жасауды бұйырады. Мысалы: «Қатардағы сарбаз Ахметов, пост пен оның маңайына бақылау жаса».

Сақшы ауысым жақындағанда оларға бет бұрып, өздігінен автоматты «белдікке» күйінде ұстайды. Сақшы жаңа қарауыл жұмысқа таратушысының пәрмені бойынша, мысалы: «Қатардағы жауынгер Данияров, постыға қарай адымда» дегенде, тік тұрып оң жаққа бір адым жасайды, ал қарауыл сақшыға жақындап келіп, оның орнына қарсы бағытта бұрылып тұрады.

Бұрыңғы және жаңа қарауылдың жұмысқа таратушылары сақшы мен қарауылдың екі жағында бір-екі қадам арақашықтықта бір-біріне қарап тұрады.

Бұрыңғы қарауылдың жұмысқа таратушысының: «Сақшы, постыны тапсыр» деген пәрмен бойынша сақшы посты ауызша тапсырады суретте көрсетілген бұл ретте сақшы мен қарауыл бір-біріне бастарын бұрады. Постын тапсыру пост нөмері пост табелі бойынша барлық объектілерді атайды. Постыны ауызша тапсырып болған соң, сақшы жұмысқа таратушысының: «Сақшы, постыны қабылдап ал» деген пәрмені бойынша күзетілетін объектіні тексеруге міндетті.

Постыны тапсыруды және қабылдауды аяқтаған соң, сақшы мен постыға жаңа келген қарауыл жұмысқа таратушыға қарап тұрып, кезекпен баяндайды. «Сержант мырза! Қатардағы сарбаз Серіков нөмірі мынадай постыны тапсырды» «Сержант мырза! Қатардағы сарбаз Ахметов мынадай нөмірлі постыны қабылдап алды».

ІҮ.

- 1.Сақшының міндеттерін айтып беріңдер.
  - 2.Сақшыға қол сұғылмауы нені білдіреді?
  - 3.Сақшы қаруды ескертусіз қай кезде қолдана алады?
- Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.
- ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 94-104 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы



I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Жаңа қару және жалпы әскери ұрыс принциптерінің дамуы.  
Қазіргі заманғы ұрыс сипаты.

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Оқушылардың қазіргі заманғы жалпы әскерлік ұрыстың сипаттамасы, мақсаттары және міндеттерімен таныстыру;
- ә). дамытушылық: Оқушылардың саптық дене шынықтыру, ҚРҚК Жарғылары және басқа тақырыптағы сабақтарда меңгерген білімдерін топтастырып дамыту;
- б). тәрбиелік: Оқушыларды елін, жерін сүюге саналы түрде Отанын қорғауға дайын болуды, Қарулы Күштерге деген құрметті, қырағылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: лекция

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: Қазақстан тарихы

VII Сабақтың көрнекілігі: Плакаттар, АӘД оқулығы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

## **Жаңа қару және жалпы әскери ұрыс принциптерінің дамуы. Қазіргі заманғы ұрыс сипаты.**

Тактика – әскери өнердің құрамдас бір бөлігі. Ол бөлімшелер мен бөлімдердің ұрысты дайындауы мен жүргізудің теориясы мен тактикасын қамтиды.

Тактика армиялардың дүниеге келуімен бірге пайда болған. Оның дамуы қарудың жетілдіруімен, қарулы күрестің жаңа құралдардың пайда болуымен, ұрыстық міндеттерді орындау үшін қолданылатын ұрыс техникасы сананың көбеюімен, әскерлердің жеке құрамының сапалық өзгеруімен байланысты болады.

Тактиканың дамуына әр замандардың А.Македонский, Ганибал, Юлий Цезарь, А.Невский, Д.Донской, Петр I, А.Суворов, М.И.Кутозов, П.И.Багратион, Г.К.Жуков, А.М.Василевский, С.К.Рокоссовский секілді және басқа да көптеген әскербасылары мен қолбасшылар үлкен үлес қосты.

Тактикалық дайындық дегеніміз бөлімшелер мен бөлімдердің жеке құрамын ұрысты дайындау мен жүргізуге үйрету.

Олар мыналарды қамтиды: өз бөлімшелері мен шетел армиялары бөлімшелердің ұрыс теориясын, ұйымдастырылуын, қару мен ұрыс мүмкіндіктерін, ұрыстағы қимыл әдістері мен амалдарын зерттеп білу; жеке құрамын әр түрлі өңірдің күрделі жағдайында, күндіз де, түнде де қару мен әскери техниканы шебер пайдалануға үйрету; жеке құрамды биік моральдық-ұрыстық қасиеттерге тәрбиелеу; ұрысты біліктілікпен бірлесіп қимылдау үшін бөлімшелер мен әр түрлі әскер тектерін үйлестіру.

Тактикалық дайындық барысында бөлімшелердің тактикасының ережелері, ұйымдастырылуы тексеріліп, нақыландырылуы, ұрыста қару мен әскери техниканың жаңа үлгілерін қолдану амалдары анықталуы мүмкін.

Тақтаға бірнеше тірек сөздерін жазамын:

1.Ұрыс. 2.Соққы. 3.Атыс. 4. Маневр. 5. Жалпы әскерлік. 6. Қазіргі заманғы ұрыс. 7. Ядролық қару. 8.Әдеттегі қару. 9.Қорғаныс. 10. Шабуыл. 11.Машина. 12.Танк. 13.Нысана. 14.Ор.

Оқушылар осы сөздерді жазылған ретімен жаттап алулары керек.

Ұрыс – ұйымдасқан қарулы соқтығыстар.

Соққы – қарсыласты жойқын соқтығу арқылы бір мезгілде ойсырату.

Атыс – қарсыластың құртудың негізгі амалдарының бірі

Маневр – ұйымдасқан түрде қозғалып күш пен құралдың қажетті топтамасын жасау.

Қазіргі заманғы жалпы әскерлік ұрыс – оған қатысушы әскерлердің барлығының бірлескен күш жігерімен, танктер, жаяу әскер, ұрыс машиналары, БТР, артиллерия, ӘШҚҚын, ұшақтар, тікұшақтар және басқа да ұрыстық техника мен қару қолданып жүргізіледі. Оған тән сипаттар батылдығы, жоғары маневрлік, қауырттық пен қарболастық жағдайдың, шапшаң және күрт алмасуы, сан түрлі амалдар қолданылатыны, ұрыс қимылдарының жерде, әуеде, кен мандайда, зор аумақта және жоғарғы қарқынмен жүргізілетіні.

Ядролық қару – құрыласты жоюдың неғұрлым жойқын құралы.

Әдеттегі қару – атыс және соққы беру құралдары (жаппай жою қарулардан басқалары).

Қорғаныс – өңірдің маңызды аудандарын ұстап тұру және осы арқылы батыл шабуылға шығу үшін қолайлы жағдай жасап алу.

Шабуыл – қарсыластың ұрыстық ретінде сұғына тереңдеу, адам күшін жою және өңірдің белгіленген аудандарын, шептері де басып алу.

Шабуылдау – барлық құралдардан үдете атқылай отырып, кідірместен үдере ігерілеу.

Бетпе-бет ұрыс – шабуылдаушының қарсыласқа шабуылы.

Ізіне түсіп өкшелеу – шегініп бара жатқан қарсыласқа шабуыл.

Жалпы әскерлік ұрысты жүргізудің негізгі ұстанымдары мыналар: қарсыласты дер кезінде байқау және атып жою; ұрыс жүргізудің батылдығы, белсенділігі, үздіксіздігі және іс-

қимылдың тұтқиылдығы; қарсыласты алдау шараларының қолданылуы; атысты қозғалыспен және маневр қолдануымен білікті ұштастыру; түнде және көріну шектелуі басқа жағдайларда білікті қимылдау.

Бөлімше атысты жаяу әскердің ұрыс машиналарында ЖҰМ, бронетранспортерде БТР орнатылған қарудан, автоматтардан, пулеметтерден, снайпер винтовкаларынан, граната атқыштардан жүргізеді, қол гранаттардан қолданады, ол қолма-қол ұрыста найзамен және дүмбілмен шайқасады.

Ұрыста бөлімше төңіректің тиімді жағдайларын пайдалана отырып, жүріп келе жатқан бетте аруды меңгеріп, маневрді кеңінен қолдануы керек.

Маневр – қарапайым болуға тиіс, шапшаң, қарсыласқа білдірмей және тұтқиылдан жасалады. Оны жүзеге асыру үшін жауды атып соққылаудың нәтижелері, ашық қапталдар, төңіректің ой-қыры, таса жолдар, аэрозольдер түтіндер, ал қорғаныста, бұларға қоса, олар қатынау жолдарын пайдаланады.

Қазіргі ұрыста түрлі электронды және басқа жүйелерін кең қолдану мүмкіндігі – қарсы әрекет ету мен қорғанудың нақты шараларын талап етеді. Радиоэлектронды, оптика-электронды және т.б. құралдар әскерлер мен қаруды басқаруға тек қамтамасыз етуші функция ғана емес, сонымен қарсыласқа тікелей әсер етудегі қуатты құралға айналады.

Қазіргі жағдайда радиоэлектронды құралдар қарудың ең тиімді түрі болып табылады.

Ұрыста қолданылатын, қару-жарақтардың негізгі түрлерінің және ұрыс техникаларының тактикалық шартты белгілері:

Қызыл түспен көрсетіледі:

- қол пулеметі ҚП
- ротаның станокты пулеметі РСП
- танкіге қарсы гранататқыш ТКГ-7
- танк
- жаяу әскер ұрыс машинасы ЖҰМ
- бронетранспортер БТР
- автомобиль

ІҮ.

1. Жаңа қару мен ұрыс жүргізу тактикасын айтыңдар?

2. Қазіргі заманғы жалпы әскерлік ұрыстың түрлерін атаңдар.

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 112-123 беттер, ҚРҚК Тәртіптік Жарғы

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: **Ұрыстық әрекет негіздері және мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастырылуы**

IV Сабақтың мақсаты:

- а). білімділік: Оқушыларға мотоатқыш бөлімшенің міндеті мен ұйымдастырылуы, оның штаттық қару-жарағы мен ұрыс техникасы туралы түсінік беру;
- ә). дамытушылық: Мотоатқыш бөлімшенің ұрыстық негізгі түрлеріндегі жауынгерлік міндеттері мен мүмкіндіктерімен таныстыру, білімдерін топтастырып дамыту;
- б). тәрбиелік: Оқушыларды елін, жерін сүюге саналы түрде Отанын қорғауға дайын болуды, Қарулы Күштерге деген құрметті, қырағылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: аралас

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене шынықтыру

VII Сабақтың көрнекілігі: Плакаттар, АӘД оқулығы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Ұрыстық әрекет негіздері және мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастырылуы**

Мотоатқыш бөлімше – ең төменгі бастауыш тактикалық бөлімше болып табылады. Ол жаяу әскер ұрыс машинасы, ЖҰМ, БТР бронетранспортердағы мотоатқыш взводтың МАВ құрамына кіреді. ҚР-ың ҚК-де мотоатқыш бөлімше жаяу әскер ұрыс машинасымен немесе бронетранспортермен қарулануы мүмкін.

Жаяу әскер ұрыс машинасындағы мотоатқыш бөлімшенің құрамында: бөлімше командирі, көздеуші оператор, механик-жүргізуші, пулеметші, гранататқыш, гранататқыштың көмекшісі, аға атқыш және атқыш болады.

Бөлімшенің қаруларында: ЖҰМ, БТР, Калашников қол пулеметі КҚП, танкіге қарсы гранататқыш ТҚГ-7, Калашников автоматтары АК, жарықшақты қол гранаттары КҚГ-3 болады.

Бөлімшеге қару етіп берілетін Калашников автоматтары мен пулеметтері тактикалық-техникалық сипаттамалары бойынша шетелдік армиялардың атқыш қару үлгілерінен негізінен басым түседі.

ЖҰМ – бөлімшенің жеке құрамының жүруі мен ұрыс жүргізуіне арналған сауытталған шынжыр табанды машина. Оған танкке қарсы басқармалы ракета кешені ТҚБР, 30мм автоматты зеңбірек және онымен қосақталған танктік Калашников пулеметі ТКП орнатылған. Машина маневрлі және өтімділігі жоғары, өте жылдам қозғалады, су бөгеттерінен, жолсыз, батпақ жерлерден және қалың қардан жақсы өтеді. ЖҰМ ядролық жарылыстың зақымдаушы факторларына қарсы қорғану жүйесімен және түнде көру аспаптарымен жабдықталған.

БТР-дегі мотоатқыш бөлімше құрамында: бөлімше командирі, пулеметші, гранатаметші, гранатаметшінің көмекшісі, мерген, аға атқыш, екі атқыш пен жүргізуші болады.

Бөлімшенің қару-жарағында БТР, Калашниковтың қол пулеметі КҚП, танкіге қарсы гранататқыш ТҚГ-7, Калашников автоматтары АК-74, драгуновтың мерген винтовкасы ДМВ, жарықшақты қол гранаттары ҚГ, танкке қарсы кумулятивтік қол гранаттары болады.

БТР – көбіне бөлімшенің жеке құрамын ұрыс даласына тасымалдауға және ұрыста атыспен қолдауға арналған ұрыстық дөңгелекті машина. БТР-де Владимировтың ірі калибрлі пулеметі және Калашниковтың танктік пулеметі орнатылған.

Жауынгерлік мүмкіндіктер – дегеніміз бөлімшелер мен бөлімдердің қалыптасқан нақты жағдайда шартты уақыт ішінде белгілі бір міндеттерді орындау мүмкіндігін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер.

Мотоатқыш бөлімшенің жауынгерлік мүмкіндіктері оның атыстық және маневрлік мүмкіндіктерімен сипатталады.

ЖҰМ мен БТР-дің негізгі тактикалық-техникалық сипаттамалары:

Көрсеткіштер	ЖҰМ	БТР
Ұрыстық масса	13т	10,3т
Экипаж	3	2
Десант	8	8
Қару-жарағы, өлш.	73мм зеңбірек 30мм автом.зеңбірек 7,62 мм ТКП 4-ТҚБР 10 Д-1 ҚГ 3 ТҚҚҚГ ТҚҚГ-7 КҚП 8 КА	14,5 мм ірі калибрлі пулемет 7,62 мм ТКП 10 Ф1 ҚГ ДМВ 3 ТҚҚҚГ ТҚҚГ-7 КҚП 6 КА
Сауыттылығы	Оққағары, атомға қарсы қорғаныс жүйемен, түнде көру құрал	Корпус маңдайы – 6-8мм Борт пен башня – 6мм
Жылдамдығы	65-70 км/сағ.	80-90 км/сағ.
Суда жүзу жылдамдығы	7 км/сағ.	10 км/сағ.

Әр алуан қару-жарағы бар бөлімше қарсыластың танктері мен сауытты машиналарына, төмен ұшқан ұшақтары мен тікұшақтарына қарсы ойдағыдай ұрыс жүргізіп, оның атыс құралдары мен адам күшін жоя алады.

ІҮ.

1.ЖҰМ-ғы мотоатқыштар бөлімшесінің құрамын атаңдар.

2.ЖҰМ-ың БТР-ің негізгі тактикалық-техникалық сипаттамаларын атаңдар.

3.МАБ-ің ұйымдастырылуы және оның қарулануы жайлы айтыңдар.

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 123-124 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Ұрыстағы ату. Атыс жүйесі.

IV Сабақтың мақсаты:

- a). білімділік: Оқушыларға ұрыс сипаттамасы, мақсаттары және міндеттері мен оның түрлері туралы түсінік беру;
- ә). дамытушылық: Ұрыстағы ату, атыс жүйесі, атыспен маневр жасау. Бөлімшемен атысты басқару ережелері, әскери қимылдарын дамыту;
- б). тәрбиелік: Атыс кезіндегі оқушылардың өз іс-қимылдарын дұрыс орындау керектігін, ұрыста, атыста жақынға көмекке келуге, батылдыққа, жауапкершілікке, ерлікке тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі: лекция

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене шынықтыру, сызу

VII Сабақтың көрнекілігі: Плакаттар, АӘД оқулығы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- a) сәлемдесу
- ә) түгендеу
- б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.

3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.

4. Жаңа өткен материалды бекіту.

5. Сабақты қорытып, баға қою.

6. Үй тапсырмасын беру.

### **Ұрыстағы ату. Атыс жүйесі.**

Қарудың барлық түрлерінің ішінде ату ұрыста қарсыласты жоюдың негізгі құралы болып табылады. Ол шабуылды дайындайды және шабуылдаушы бөлімшелерді өзімен алып жүреді, ал қорғаныс кезінде атыс қорғаныстың беріктігі мен жеңілмейтіндігінің негізі болып табылады.

Мотоатқыш бөлімшелері қарсыласты жекелеген атыс құралдарынан ату арқылы ЖҰМ, БТР, пулемет, гранататқыш немесе шоғырланған атыс арқылы жоя алады.

Шоғырланған атыс – бірнеше атыс құралдарынан бөлімшенің бір маңызды нысанасын немесе жергілікті жердің шектеулі учаскесіндегі нысаналар тобын ату.

Атыс бағытына байланысты ату жаппай, қапталдан және айқастыра ату болуы мүмкін. Сурет бойынша:

Атыс бағытына байланысты ату түрлері: а – жаппай; ә – қапталдан; б – айқастыра

Жаппай ату – нысананың маңдай шебіне перпендикуляр жүргізіледі. Ол терең эшелонданған анық нысанаға атыс жүргізу кезінде барынша тиімді.

Қапталдан ату – нысана қапталынан ату. Ол көбінесе қарсыластың шабуылдаушы жаяу әскеріне автоматтан, пулеметтен ату арқылы жүргізіледі.

Айқастыра ату – бір нысанаға екі немесе одан да көп бағыттан жүргізіледі, ол өте тиімді және қарсыласты үлкен шығынға ұшыратады.

Бір нақты бағытта жақын қашықтықтан, кенеттен, пулеметтен және автоматтан жүргізілген атыс бойлата атылу деп атайды.

Бөлімшенің атыс құралдары командир жоспарымен ұрыста жергілікті жердің сипаты мен мүмкіншілігі, қызметі ескеріле отырып пайдаланылады. Бұның барлығы атыс жүйесін құрайды, ол бөлімшенің маңдай шебі алдында, қапталдарда және көршілермен аралықта

атудың барлық түрлерін жүргізуді, сондай-ақ айнала қорғаныс жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Атысты басқаруды ыңғайлы ету үшін қорғаныста бөлімше командирі өз бөлімшесінің атыс карточкасын жасайды.

Ұрыстағы бастамашылдық және кенеттілік: Ұрыс қимылдарын жүргізу тәжірибесі ұрыстағы шешуші кезеңде батыл, қорықпайтын өз ерік-жігерін қарсыласқа күштеп таңатын, өзінің тапқырлығын және ойлы бастамашылдығын кең көрсете алатын әскер ғана жеңіске жететінін көрсетті. Ұрыста әрбір жауынгер берілген тапсырманы мерзімінде және толық орындау үшін қалай қимылдау керектігін өз бетінше шешу қажеттілігі туатын жағдайда тап болуы мүмкін.

Кез келген жағдайда тапсырылған міндетті орындаудың ең тиімді тәсілін табу, батыл шешім қабылдап, оны өмірге табанды түрде енгізу біліктілігі – бастамашылдықтың көрінісі болып табылады.

Тапқыр және талапшыл жауынгер жағдайдың кез келген шартында бастамашылдық көрсете алады. Ұрыста батылдық пен ойлы бастамашылдық көрсете алу қабілеті, қарсыласты жою үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу – әрбір жауынгер мен командир үшін бағалы қасиет болып табылады. Әрбір жауынгер үшін бастамашылдық – ұрыста және бейбіт өмірдегі жаттығу жаттығу күндерінде өзін-өзі ұстау, мінез-құлық нормасы, ұрыста жеңіске жетуге жағдай жасайтын маңызды шарттардың бірі – кенеттілік.

Кенеттілік – қарсылас үшін күтпеген қимылдар, ол қарсыласты аңдылусызда қапы қалдырып, дүрбелең тудырады және оны ұйымдасқан түрде қарсылық көрсету қабілетінен айырылады. Кенеттілікке қол жеткізу үшін күтпеген жерден атыс жүргізіп, ұрыста жасырын, тез әрі шешуші қимылдар жасау керек және әскери құпияны сақтап, бүркеніш шараларын орындау қажет. Кенеттілікті бастамашылдықпен және батылдықпен үйлестіре білген жақ қана барынша тиімділікке жетеді.

ІҮ.

1. Атыс жүйесі дегеніміз не?

2. Атыс жүйесі бөлімшеде қалай ұйымдастырылатынын атып беріңдер.

3. Қорғаныста бөлімше командирі қандай графикалық құжат дайындайды?

4. Ұрыста бастамашылдық не үшін қажет?

Ү. Пән бойынша оқушылардың білімін бағалау.

ҮІ. Үй тапсырмасы: АӘД оқулығы 2006ж. 124-128 беттер

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

I Сабақ жоспары №

II Пәннің аты: Алғашқы әскери дайындық

III Сабақтың тақырыбы: Жауынгердің ұрыстағы іс-әрекеті.

IV Сабақтың мақсаты:

- a). білімділік: Оқушыларға жауынгердің ұрыстағы міндеттерін, іс-әрекеттерін, қозғалысын түсіндіру, таныстыру;
- ә). дамытушылық: Кез келген жерде қарсыластың оғы астында жылжи алуды, бөгеттерден, қоршаулардан өте білуді, бақылау үшін орын тандап алу, ұрыста орлана алуды үйрете отырып дамыту;
- б). тәрбиелік: өз елін, жерін, Отанын қорғауға дайын болуды, жауынгерлік достыққа, батылдыққа, қырағылыққа тәрбиелеу.

V Сабақтың түрі:

VI Сабақтың пәнаралық байланысы: дене тәрбиесі, сызу

VII Сабақтың көрнекілігі: Плакаттар, АӘД оқулығы

VIII Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- a) сәлемдесу
  - ә) түгендеу
  - б) оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
2. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.
  3. Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру.
  4. Жаңа өткен материалды бекіту.
  5. Сабақты қорытып, баға қою.
  6. Үй тапсырмасын беру.



## Жауынгердің ұрыстағы іс-әрекеті

Ұрыстағы орлану – шабуыл ұрысы барысында басып алған шепті ұстап тұру – қарсыластың қарсы шабуылына тойтарыс беруге дайындау, сонымен бірге қорғанысқа көшу және ұрыс жағдайының басқа да шарттарына байланысты жауынгерге орлануға, өз оқпанасын қазуға және жабдықтауға тура келеді.

Орлану жаяу әскерінің кіші күрегімен жүзеге асырылады. Ол қарсылас оғының астында жатып ату үшін бір адымдық оқпана қазудан басталады. Оқпана топырақтан қазылған, ұзындығы – 170см, ені – 60см, тереңдігі – 30см ордан және 30 см топырақ қалқадан тұрады. Топырақ қалқа мен ор арасынан ені 20-40см болатын алаңқай қалдырады.

1. атқылау секторында топырақ қалқаның биіктігі 10см дейін азайтылады да, ашық атыс саңылауы – жайпақ құламаны құрайды.

Автоматтан жатып ату үшін жеке оқпана. 1. атқылау секторы. 2. бруствер.

Орлануды бастамас бұрын жауынгер әуелі атыс үшін орын таңдап алуы керек, содан кейін қаруын өзінің оң жағына қоюы тиіс, бұл кез келген уақытта атыс жүргізу үшін ыңғайлы.

Бұдан кейін жауынгер сол бүйіріне аударылып, күректі сыртқы қабынан шығарып, екі қолымен саптан ұстап, өзіне қарай ұрып, жердің тығыз жоғары қабатын ашуы тиіс.

Оқпана қазу кезінде жерді күрекпен қиғаш қазу керек, ал топырақты ең алдымен алға, сосын екі жаққа тастау керек, бұл кезде 1-1,5м топырақ-қалқа пайда болады, ол сарбазды қарсылас оғынан сақтауды қамтамасыз етеді. Оқтың тесіп өту қабілеті – тығыздалмаған топырақты және құмда 70см-ге дейін.

Автоматтан жатып ату үшін жеке оқпана қазудың реті. Басты мүмкіндігінше жерге жақын ұстап, қарсыласты бақылауды тоқтатпау қажет.

Оқпана шұңқырдың алдыңғы бөлігінде қажетті тереңдік жасап алғаннан кейін жауынгер артқа жылжып, қажетті ұзындыққа дейін шұңқыр қазуды жалғастыра береді, бұл шұңқыр жауынгердің денесі мен аяқтарын тасалайтындай болуы тиіс. Жатып ату үшін қазылған оқпана жергілікті жермен бүркемеленеді. Бұл үшін шұңқырды қоршаған шым қыртысы, топырақ және шөп, ал қыста қар қолданылады.

Бақылаушы жауынгер – мотоатқыш бөлімшесінде қарсыласқа бақылау жүргізу үшін бақылаушы тағайындалады. Міндеттерді белгілеу кезінде бақылаушыға бағдармен жергілікті заттардың шартты атаулары бір типті жергілікті заттар көп жергілікті жерде бағдарлануды жеңілдету үшін пайдаланады, осы жергілікті заттың бір ерекше белгісіне сәйкес шартты атау таңдалып алынады. Мысалы: «сары» дала, «қоңыр» орман, тоғай «пішінді», биіктік «дөңгелек».

Бақылаушы жауынгерде бақылау аспаптары, компас, сағат, фонарь, бақылау журналы және хабарлау сигналдарының құралдары болуға тиіс.

Бөлімше командирінен тапсырма алған соң, бақылаушы бақылау орнын бүркемелейді және жабдықтайды, бақылаудың көрсетілген секторындағы жергілікті жерді және заттарды зерттейді, бағдар мен жергілікті заттарға дейін қашықтықты өлшейді және жергілікті жердің сызбасын құрастырады.

Қарсыласты байқаған сәтте бақылаушы оның жергілікті жердегі орнын анықтайды да, бөлімше командиріне баяндайды. Осыдан кейін ол нысананы сызбаға шартты белгімен түсіреді де, бақылау журналына жазады.

Бақылаушының негізгі тасалайтын орны – оқпана. Оқпана жергілікті жер заттармен бүркемеленеді. Бақылау және жүйелі түрде жергілікті жерді бақылау тиімді болу үшін бақылаушыға бекітілген сектор қашықтығына қарай 2-3 аймаққа бөлінеді. Аймақ шекаралары әдетте, бағдар немесе жергілікті жер бойынша белгіленеді.

Бақылаушы, ең алдымен өзіне берілген сектордағы жерді асықпай зерттеуі және барлық жергілікті жер заттарының санын, мөлшерін, формасын, өлшемін және өзара орналасуын еске сақтауға міндетті. Бұл дер кезінде қарсыластың пайда болуын байқауға немесе оның қимылы мен орналасуындағы өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді. Осыдан кейін бақылаушы жақын аймақтан бастап, оңға, солға қарсылас жағына қарап жерді және

жергілікті заттарды жүйелі бір ізбен тексере отырып бақылау жүргізеді. Осылай жақын аймақты байқай отырып, бақылаушы көзбен тағы бір шолып, өзін-өзі тексереді. Осы тәртіппен ол орта және алыс аймақты байқайды.

Егер бақылаушы қарсыластың бар болуы белгілерін байқап. Бұл орайда қару дереу атуға ыңғайлы жағдайда оқтайланған не дүмбі бүйірге қыса ұсталған қалыпта болады.

Жүгіре өтудегі секілді жауынгер ең әуелі алға жылжу жолын және демалу үшін тоқтайтын жасырын таса жерді белгілеп алуы тиіс. Жүгіре өту ұзындығы 20м-ден 40м-ге дейін болады.

Ұрыс алаңында қарсылас күшті көздеп атуды жүргізген кезде немесе барлауда қарсыласқа жасырын жақындап, оған кенеттен шабуылдау қажеттігі туған кезде жер бауырлай жылжу әдісі қолданылады.

Жер бауырлай жылжу:

а. Жер бауырлап, еңбектеу үшін ең әуелі жерге жатып, оң қолмен қаруды жоғарғы антабка тұсындағы бауынан ұстап, оны оң қолдың білегіне қоюы керек. Оң аяқты өзіне тартып және бір мезгілде сол қолды мүмкіндігінше алыс созып, содан кейін бүгілген аяқ серпілісімен денені алға тастап, келесі өзіне тартып, келесі қолды созып, осылай жылжуды жалғастыру керек.

б. Жартылай төрт тағандап жылжу үшін жауынгер тізерлей отырып, қол буындарына, қол білектеріне салмақ салу керек, ол содан кейін бүгілген оң-сол аяқты өзінің кеудесіне тартып, бір мезгілде өзіне қарай бүгілген басқа аяқты тартып, алға басқа қолды созып отырып, жылжуды жалғастыру керек.

в. Бүйірлей жер бауырлау үшін сол бүйірге жатып, содан соң тізеден бүгілген сол аяқты алға тартып, сол қолдың білегіне салмақ салып, оң аяқтың өкшесімен мүмкіндігінше өзіне жақындата жерге тірейді. Бұдан соң оң аяғын жазып денесін алға жылжытады, сол аяқтың қалпы өзгермейді, бұдан әрі осы ретпен іргерлей береді. Бүйірлей жер бауырлау кезінде қаруды оң қолға ұстап, сол аяқтың санына қою керек. Бұл тәсіл ұрыс алаңында оқ-дәрі мен жүк тасыған кезде көп қолданылады.

Жер бауырлай жылжу кезінде басты жоғары көтеруге болмайды. Жер бауырлай жылжығанда, жауынгер үнемі ұрыс алаңын бақылай отырып және оқ атуға дайын болуы тиіс.

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

### **Калашников автоматы мен пулеметі**

1940 жылдары Кеңес жауынгерлерінің негізгі мылтығы карабин ППИ, СВД болды. Автоматпен қаруланған неміс әскерлерінің бір бөлімшесінің өзі Кеңес жауынгерлерін көп шығынға ұшыратты, оның себебі карабинді көздеп атқаннан кейін, қайта оқ салып атқанша көп уақыттарын жоғалтты. Кеңес жауынгерлерінің карабиндерінің нашар екеніне көзі жеткен орыс өнертапқышы Михаил Тимофеевич Калашников 1942 жылы автоматты жасап шығарды. Ол керемет өнер тапқыш болатын. Танкіге қарсы зеңбіректен атылған оқтың нақты санын есептеу үшін өз екпінімен «Санағыш» аспаб ойластырса, ату саңылауының тиімділігі арқылы танкі мұнарасынан ату үшін «П» тапаншасына арнайы қолдан құрал ойлап табады.

1941 жылы маусым айында генерал Жуков оның соңғы шығарған өнертапқыштық жаңалығын жоғары бағалап, қару өндірісін жетілдіруге Ленинградқа жібереді. Соғыс басталғанда Калашников майданға аттанып, танк командирі болады. Соғыста жүріп тапанша-пулементтің жобасын жасауды ойластырады. Сөйтіп жүргенде жарақат алып алты айлық демалысында Матай станциясына оралады локомотив депосының дайындау цехында Құсайын, Медведь деген азаматтармен бірге жүріп «АК» автоматының тұңғыш жобасын жасайды. Жаз айында Матай станциясынан екі шақырым қашықтықтағы көшпелі қызыл құмды төбелердің бірінде әріптестерімен М.Т.Калашников өзі жасаған автоматты сынақтан өткізеді. Алғашқы сынақта автомат оғы 500 метрге жеткен. Осы автомат өнертапқыштың атыменен Калашников аталады.

1947 жылы Калашников автоматының жасалуы қару-жарақ саласында үлкен оқиғаға айналды.

Калашников автоматы атыс қаруының негізгі түрі болып табылады. Кеңінен танымал, құрылысы қарапайым, ұрыста пайдалану қасиеттері жоғары, осы автоматтың негізінде Калашниковтың қол пулеметі, атыс қаруының басқа да үлгілері жасалды. Бұл қару бүгінге дейін 60-70млн данамен шықты деген жорамал бар. М.Т.Калашниковтың автоматты

дүниенің о шеті мен бұ шетіне түгел тараған десек қателеспейміз. Кейіннен автомат жетілдіріліп АКМ, АКМС, АК-74 калибрлі 5,45 мм, жиналмалы АКС-74, қысқа ұңғылы АКС-74У, 5,56 мм АК-101 және 7062 мм АК-103 т.б. қарулар жасалды. Қысқасы М.Т.Калашников автоматының 12, пулеметтің 10 түрі өндіріледі. Бүгінде осы қарулар 26 елдің армиясы 16 мемлекетте шығатыны ресми түрде тіркелсе 26 елдің армиясы Калашников автоматымен қаруланған.

ҚҚК АК-74 автоматы бар. Алайда келешекте жаңа қарулар алмастыратыны сөзсіз. Қалай айтсақта М.Т.Калашниковтың кезінде Матай станциясында тұрып, әлем мойындаған қуатты қару жасағаны біз үшін мақтаныш.

5,45 мм жетілдірілген Калашников автоматы дербес қару, ал 5,45мм Калашников қол пулеметі атқыштар бөлімшесінің қаруы болып табылады. Олар қарсыластың тірі күшін жою мен атыс құралдарын құртуға арналған.

Қарсыласты қоян-қолтық шайқаста жеңіліске ұшырату үшін автоматқа сүңгі-пышақ бекітіледі. Түнгі табиғи жарық жағдайларында ату және бақылау үшін АК-74 н, АКС-74н автоматтары мен РПК-74н, РПКС-74н қол пулеметтеріне түнде атуға арналған әмбебап көздеуіш бекітіледі НСПУ.

Автоматтан атыс жүргізу үшін кәдімгі болат өзекті жарқырауық және сауыт бұзғыш-өртегіш оқтары қолданылады. Автоматтан, пулеметтен автоматты немесе жекелей атыс жүргізіледі. Автоматтың автоматты жүргізуі ұңғы каналынан бекітпе жақтауынан газ поршеніне бөлінетін оқ-дәрі газдардың энергиясын пайдалануға негізделген.

Автоматты атыс автоматтан атудың негізгі түрі болып табылады: ол қысқа 5 оқ атысқа дейін және ұзақ атумен 10 оқ атысқа дейін, пулеметтен 15 оқ атысқа дейін кезекпен және үзбей жүргізіледі.

Атыс кезінде патрондардың берілуі автоматта 30 патронға, пулеметте 45 патронға дейін болатын қорабы оқжатардан жүргізіледі. Автомат пен пулеметтің оқжатарларын өзара алмастыруға болады.

Қару түрі	Автоматтар				Қол пулеметтер			
	АК-74	АК-74н	АКС-74	АКС-74н	РПК-74	РПК-74н	РПКС-74	РПКС-74н
Сипаттамалары	АК-74	АК-74н	АКС-74	АКС-74н	РПК-74	РПК-74н	РПКС-74	РПКС-74н
Ұңғы калибрі	5,45	5,45	5,45	5,45	5,45	5,45	5,45	5,45
Атудың көздеу қашықтығы, м	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000
Нақты атыс қашықтығы, м	500	500	500	500	600	600	600	600
Тура атыс қашықтығы, м	440	440	440	440	625	625	625	625
Кеуделі фигура					460	460	460	460
Жүгірмелі фигура	625	625	625	625	640	640	640	640
Шоғырланған атыс қашық, м								
Атыс қарқыны минутқа	600	600	600	600	600	600	600	600
Ұрыстың ату жылдамдығы, м	100	100	100	100	150	150	150	150
Кезекпен ату								
Жекелей атқанда	40	40	40	40	50	50	50	50
Сүңгі пышақсыз жаракталған оқжатарымен, кг	3,6	5,9	3,5	5,8	5,46	5,76	5,61	7,91
Сүңгі пышақтың	490	490	490	490	490	490	490	490

қынабы мен масс								
Оқтың алысқа ұшу қашықтығы	3150	3150	3150	3150				
Оқтың қиратқыш күші, м	1350	1350	1350	1350				
Оқтың бастапқы жылдамдығы м/с	900	900	900	900	960	960	960	960

Автомат, пулемет мынадай негізгі бөліктерден тұрады:

1. ұңғы қорабы, соққы ағытқыш механизімімен, көздеу жабдықтарымен, дүмі және тапанша сабымен;
  2. ұңғы қорабының қақпағы
  3. сүңгі – пышақ
  4. қайтармалы механизмі
  5. газ поршенді бекітпе жақтауы.
  6. ұңғы жабуы бар газ түтігі
  7. бекітпе
  8. құндақ
  9. оқжатар
  10. ағытқыш ілмек
  11. сүмбі
  12. жабдығымен пенал
  13. ұңғылы тежеуіш компенсатор
- Пулеметте:
14. жалын сөндіргіш

1. Калашников автоматы қашан, қайда жасалып шығарылған?
2. Калашников автоматы мен пулеметі неге арналған?
3. Калашников автоматы, пулеметінің ұрыстық қасиеттерін атаңдар.
4. Автомат пен пулеметтің механизмдері мен негізгі бөліктерін атаңдар.

АӨД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

### **Кіші калибрлі винтовкадан атыс жүргізу ережелері мен тәсілдері**

Атыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік олардың нақты ұйымдастырумен, атыс алаңында немесе тирде белгіленген тәртіп пен ережелерді білу және қатаң сақтау арқылы барлық атысқа қатысушылардың жоғары тәртіптілігімен қамтамасыз етіледі.

Атыс алаңында немесе тирде атыс жүргізушілермен қатар айналадағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сәтсіз жағдайларды болдырмау мақсатында:

- атысты ақаулы қарудан жүргізуге және ақ жалау көтерілгенде атыс жүргізуге;
- атыс басшының пәрменінсіз қаруды алуға және оқтауға;
- тіпті оқталмаған қарудың өзін айналадағы адамдарға немесе жануарларға, сондай-ақ оны нысанаға, тылға, болса, бағыттауға немесе кезеуге;
- оқтаулы қаруды атыс шебінен шығаруға;
- атыс басшының пәрменінсіз оқтаулы қаруды басқа адамға беруге немесе оны қай жерде болсын қалдыруға;
- «Ат» пәрменінен «Тоқтат» пәрменіне дейін бөгде адамдарға атыс шебінде болуға тыйым салынады;
- атыс аймағында адам немесе жануар көрінген сәтте атыс беру тоқтатылады.

Кіші калибрлі винтовкадан атудың тәсілдері ТОЗ-8 винтовкасынан дәлдеп атуға үйрену үшін ату тәсілдерін орындауға тұрақты дағдыларды жаттықтыруға қажет.

Винтовкадан ату тәсілдері атысқа оңтайлану, көздеу және шүріппені басудан тұрады.

Атуға оңтайлану атыс дәлдігіне шешуші әсер ететін винтовканың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Атуға ең ыңғайлы жағдай – жатып ату, өйткені ол атқыш пен винтовканың ең жақсы тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Жатып атыс жүргізу үшін жағдай – винтовканы ауыз жағын алға қаратып, оң қолымен ұстап тұрып, атқыш оң аяғымен алға және оңға толық адым жасайды. Алға қарай еңкейіп, сол тізесіне тұрады, сол қолымен жерге тіреліп, сол аяқтың жанбасымен сол қолдың білегіне ығысады. Сол бүйіріне жатып аяқтарының ұштарын сыртқа қаратып аздап

алшайтады. Бұл кезде дене корпусы атыс жазығына қатысты 25-30° болатындай етіп жатады. Винтовканы құндағынан сол қолымен ұстайды.

Кіші калибрлі винтовканың оқталуы оң қолымен жүргізіледі. Бекітпені ашып және артқа қарай жылжытып, патронды бас, сұқ саусақтарымен алып, оқтыққа оқты енгізу керек, бас бармақпен патрондағы оқсауыттың шеті ұңғыға тигенінше итеріп, бекітпені жабады.

Кіші калибрлі винтовканы орнықтыру үшін сол қолдың шынтағы винтовканың астына келтіріледі, ал білегі винтовканың құндағын сол қолдың алақанына жататындай етіп алға жіберіледі. Винтовканың дүмі оң иыққа тіреледі, оң қолмен дүм мойны орап алынып, сұқ саусақтың бірінші буыны ағытқыш ілмекті басады да шынтақ жерге тіреледі. Бас сәл алға еңкейіп, оң жақ беті дүмнің жоғарғы бөлігіне тигізіледі.

Атысқа оңтайланып болған соң, орналасу жағдайының дұрыстығына көз жеткізуі керек. Ол былайша жүргізіледі.

Атқыш винтовканы орнықтыруды аяқтап, көздеуге кіріседі, сосын бірнеше секунда екі көзді жұмады да оң көзін ашып қаруды нысанамен салыстырғанда, қай бағытта бағытталғанын қарайды.

Егер қарауыл көздеу нүктесін солға қарай орналасқан болса, онда бүкіл денені сол жақ шынтақты қозғамай, солға бұрады. Егер винтовка төмен қарай бағытталған болса, онда дене тұрқын сәл артқа шынтақты орнынан қозғамай шегіндіреді.

Көздеу дегеніміз – қарудың ұңғы арнасына нысананы жоюға қажетті бағыт беру деген сөз. Ол көздеуішпен қарауыл арқылы жүргізіледі.

Ашық көздеуішпен ату кезінде сол жақ көзді қысып, ал оң көзбен көздеуіштің ойығы арқылы қарауылға қарап, қарауыл ойықтың ортасында, ал оның төбесі көздеу тақташасы қырының жоғарғы шеттерімен бірдей болатындай етіп бұру керек.

Қарауылдың мұндай жағдайы «тегіс қарауыл» деп аталады. Диоптриялық көздеуішпен атыс жүргізгенде, көздеу едәуір жеңілденеді, өйткені атқыш, қарауылды диоптр ортасына дәлдеп, атыс кезінде тек екі нүктенің – қарауыл ұшы мен көздеу нүктесінің бірігуін бақылауға мүмкіндігі болады.

Тыныс алу – атыс дәлдігіне атқыштың тыныс алуы маңызды әсер етеді. Егер шүріппені басу кезінде дем шығарылса, онда қару көлденең және тік бағытта тербеледі, өйткені дем шығару кезінде төмен түсіріледі, ұңғы жоғары қарата көтеріледі, ал дем алғанда, керісінше болады.

Бұл жағдайларды болдырмау үшін, көздеу және шүріппені басу кезде дем шығармау керек.

1.Кіші калибрлі винтовкадан атыс жүргізу кезінде қандай қауіпсіздік шаралары қабылданады?

2.Атыс жүргізуге дұрыс оңтайлану нені қамтамасыз етеді?

3.Көздеу және шүріппені басу кезінде орын алатын қателіктерді атаңдар.

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

### **Жергілікті жерде картасыз бағдарлану. Азимут бойынша қозғалыс.**

Әскери топография – арнайы әскери пән. Ол жергілікті жерді зерделеу тәсілдерін, ондағы бағдарлауды және ұрыс қимылдары мүддесіндегі жергілікті жерді бағалаумен байланысты басқа да мәселелерді қарастырады.

Түрлі мамандықтағы әскери қызметшілер топографиялық картаны еркін пайдаланып, жергілікті жерді бағдарлай және кез келген жағдайда берілген бағыт бойынша жылжи алуы қажет.

Ол жау тылында жауынгерлік міндетін атқарушы десантшыға, жау аймағында әрекет етуші барлаушыға, қарсылас орналасқан жердегі көпірлерді жарушы саперға, қарсыластың атыс құралдарын белгілейтін бақылаушыға, мотоатқышқа, артиллерия әскеріне, танк әскеріне және т.б. әскери саладағы жауынгерлерге жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде қажет.

Жергілікті жер әскерлердің ұрыстық әрекеттеріне елеулі ықпал етеді. Кейбір жағдайларда жергілікті жер ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде табысқа жетуге және қару мен техникасын тиімді пайдалануға ықпал етеді, басқа жағдайда кедергі жасайды.

Жергілікті жерде табиғи және жасанды объектілер болады. олар біркелкі белгілері бойынша белгілі бір топтарға бөлінеді. Ол топографиялық элементтер деп аталады.

Оған жататындар: бедер, елді мекендер, өндіріс орындары, жол торабы, гидрография өзендер, көлдер, су қоймалары.

Жер бетін құрайтын біркелкі тегіс емістіктер жергілікті жер бедері, ал адам еңбегімен немесе табиғатпен жасалған, сол жерде орналасқан заттардың барлығы – жергілікті заттар деп аталады.

Бедер жергілікті жер ерекшелігінің ең маңызды көрсеткішіне жатады. Ол бақылау пункттері, орын таңдауға, атыс позицияларын, траншеялар, байланыс жолдарын, әскердің орналасуына үлкен әсерін тигізеді.

Әрбір жауынгер ұрыс даласында табысты әрекет етуі үшін, тек қаруды мүлтіксіз меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар жергілікті жерде жақсы бағдарлана білуі қажет. «Бағдарлану» сөзі латын тілінде *origens* яғни «шығыс» деген мағынаны білдіреді.



Жергілікті жерде бағдарлану – яғни бұл көкжиек тұстарына қарай бағыт табу – солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс айналадағы жергілікті заттар қатынасында, бедер пішінде өз тұрған орнын анықтау, қозғалыста керекті бағыт табу, осы бағытты жолда ұстанып жүрумен бедер элементтері қатынасында өз тұрған орнын анықтап, қозғалыс бағыты, нысаналар мен объектілердің орындарының көрсетілуін айтамыз. Көкжиек тұстарын күнге, темірқазыққа, айға қарап, жергілікті заттардың белгілеріне қарап анықтауға болады.

Көкжиек тұстарын күн мен сағатқа қарап анықтау кез келген уақытта келесі әдістерімен анықталады: сағат көлденең орналастырылып, сағат тілінің ұшы күнге қарай бағыттанып бұрылады.

Сағат тілі мен 1 цифрының бағыты арасындағы аралықты қақ бөледі. Осы бұрышты қақ бөлетін сызық оңтүстікті көрсетеді. Оңтүстікті біліп алған соң көкжиектің басқа да тұстарын оңай анықтауға болады.

Көкжиек тұсы түнгі ашық аспанда әрқашан солтүстікті бағытта орналасқан темірқазық жұлдызы бойынша оңай табуға болады: ол үшін көрсетілген шоқжұлдызының шеткі екі жұлдызы а және в арқылы өтетін түзуді ойша жалғастырамыз, осы екі жұлдыздың арасындағы қашықтықтай қашықтықты бес рет көзге көрінетіндей түзу бойына салады, соңғы қашықтықта Темірқазық жұлдызы көрінеді.

Темірқазық жұлдызын табу мүмкін болмаса, бірақ ай көрініп тұрса, көкжиек тұстарын Ай бойынша табуға болады. көкжиек тұсын анықтаудың ең бір қарапайым түрі Айдың толық жүзі көрініп тұрғанда анықталады.

Бұл фазада ай күнге қарсы орналасады. Бұл кезде түнгі сағат 1:00 шамасында. Ай – оңтүстікте, сағат 7:00 шамасында Ай – батыста, 19:00 сағатта Ай – шығыста болады.

Көкжиек тұстары Күн бойынша тез анықталады. Шамамен таңғы сағат 7:00 де күн шығыста, сағат 13:00 де күн оңтүстікте, сағат 19:00де күн – батыста болады.

Ай фазасы	Ай жартысының көрінуі	Бағдарлану уақыты		
		19:00	01:00	7:00
		Ай қай бағытта болады		
Бірінші жартысы	☾	Оңтүстік	Батыста	Көрінбейді
Толық ай	●	Шығыс	Оңтүстік	Батыста
Соңғы жартысы	☽	Көрінбейді	Шығыс	Оңтүстікте
		Жылдың айлары және уақыты		
	Күннің көкжиек тұстарында болуы	Февраль, март, апрель, август, сентябрь, октябрь	Май, июнь, июль	Ноябрь, декабрь, январь
Шығыста		7:00	9:00	Көрінбейді
Оңтүстікте		13:00	14:00	13:00
Батыста		19:00	19:00	Көрінбейді

Көкжиек тұстарын жиі кездесетін жергілікті белгілер арқылы шамалап анықтауға болады. Мысалы: ағаштарды, үлкен тастар мен жартастарды солтүстік жағынан мүк басады. Орманда құмырсқа илеулері әр уақытта ағаштың оңтүстік жағында болады. православие шіркеулерінде альтарлар әр кезде шығысқа, қоңыраулар батысқа қаратылады. Крест астындағы көлденең қойылған салма солтүстік-оңтүстікке қарай орналасқан. Көлденең қойылған салма кресттің жоғарғы қаратылған жағы солтүстікке бағытталған.

Азимут дегеніміз – берілген нүкте арқылы өтетін, меридианның солтүстік бағытынан сағат меңзері жүрісімен зат бағытына дейін өлшенетін көлденең бұрыш.

Магниттік азимуты – анықтау үшін бетті осы затқа қаратып тұрып, компасты бағыттау керек. Бұл үшін компасты көлденең жағдайға бекітіп, меңзерді босату керек. Компасты бұрып магнитті меңзердің солтүстік ұшы лимбаның нөлдік бөлінісіне қарама-қарсы қою

керек. Осыдан соң ойықша мен қарауыл арқылы дәлдеп жергілікті затты байқайды. Осылай түзу азимут анықталады, яғни жергілікті жерде өзінің тұрған нүктесінен, қандай болмасын, басқа нүктеге азимуттың бағытталуы. Суретте: магниттік азимутты компас арқылы анықтау. Алғашқы магниттік азимут 330.

Кері азимут дегеніміз жергілікті заттан тұрған нүктеге қарайғы бағыт. Оның түзу азимуттан  $180^\circ$ -қа айырмашылығы бар. Оны анықтау үшін егер ол  $180^\circ$ -тан кем болса,  $180^\circ$  қосу керек, егер  $180^\circ$ -тан артық болса  $180^\circ$ -ты алып тастау керек.

Компас алғаш қашан және қайда пайда болғанын айту қиын. Америка ғалымдары Мексиканың Сан-Лоренцо елді мекеніндегі қазба жұмыстары кезінде магнитті теміртастың сынығын табады. 1302 жылы италиян зердері Флавио Джойя магнит инені қағаз дөңгелек катушкамен бекітіп, градустық бөліктер салып, 32 сәуле жүргізеді. 1902 жылы Неаполь тұрғындары Джойяны компасты ойлап шығарушы деп есептеп, оның құрметіне ескерткіш орнатады. 1600 жылы ағылшын ғалымы В.Гильберг «Магнит, магнитті денелер туралы және ең үлкен магнит – жер туралы» деген шығарма жазады. Осылайша, 1600 жылы адамдар Жердің магнит өрісін білді. Негізінен компасты ойлап тапқан, компастың магниттік меңзерін солтүстік оңтүстік бағытта тоқтайтын жұмбақ сырын тұңғыш ғылыми түрде негізделген француз ғалымы Блезь Паскаль.

Азимут бойынша қозғалыс жасау үшін жүру маршрутындағы әр пунктпен магниттік азимуттарды және пункттер арасындағы қашықтықты жұп адыммен есептеп білу керек, орта бойлы адам үшін жұп адам 1,5м деп алынады. Бұл мәліметтер бөлімше командирі дайындайды да, жүру маршрутының сызбасы не кесте түрінде көрсетеді. Жүру кезінде бағдарларды бетке ұстап және жұп адым санын есептеп отырып бір пункттен екіншісіне өтіп отырады.

Белгіленген азимут бойынша бастапқы және бұрылыс пункттерде компас арқылы жүру бағытын табады. Осы бағытта неғұрлым шалғай бағдарды не жүру маршрутының бұрылыс пунктіне жақынырақ орналасқан аралық бағдарды таңдап алып есте сақтайды. Егер аралық бағдардан бұрылыс пункті көрінбейтін болса, келесі бағдарды анықтайды.

Жергілікті жерде бағдарларсыз жүру бағыты көзбен тураланып ұсталады. Бастапқы нүктеде компас бойынша келесі нүктеге жету анықталады. Бақылау үшін жүру бағытын кері азимут бойынша және аспан денелері бойынша берілген бағдарды жеткен бағдарлармен үнемі салыстырып отырады, ал картамен жергілікті жерді және жүріс маршрутын дәлдеп отырады.

Егер сол жолмен қайту керек болса, бағдардың бұрынғы сызбасын пайдаланады, бірақ тура азимуттарды кері азимуттарға көшіреді. Түнде аралық бағдарлар ретінде жергілікті заттардың сұлбалары, аспанда жарқыраған жұлдыздар пайдаланылады. Егер ондай мүмкіндік болмаса, онда компасты еркін түсірілген меңзерімен барлық уақытта бағытталған жағдайда үнемі алдында ұстайды, ал жүріс бағыты үшін ойықша мен қарауыл арасынан өтетін түзуді алады. Азимут қозғалысы бойынша бағыт сызбасы.

Сурет

Азимут бойынша қозғалыс мәліметтері

Маршруттың учаскесі	Магниттік азимут, градустар	Жұп адымдағы қашықтық
Сарай-мұнара	80	610
Мұнара – қорған	88	580
Қорған – жеке тұрған ағаш	78	850

Магниттік азимуттар:

1. Жапырақты ағашта – 56
2. Фабрика трубасына – 137
3. Диірменге – 244
4. Шыршаға – 323

1. Әскери топография нені зерделейді?
2. Топографиялық жергілікті жер элементтерін атаңдар.
3. Жергілікті жерде бағдарлану нені білдіреді, көкжиек тұсын күндіз, түнде анықтаудың қандай тәсілдері бар?
4. Азимут дегеніміз не? Азимут бойынша қозғалу ретін айтып беріңдер.

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

### **Азаматтық қорғаныс**

Азаматтық қорғаныстың міндеттері, шаруашылық нысандарында құрылатын азаматтық қорғаныс қызметін түсіндіру, ұғындыру білдіру.

Азаматтық қорғаныс – елдің халықтың, шаруашылық объектілері мен аумағын ядролық, химиялық, бактериологиялық қарудың әсерінен, сондай-ақ төтенше апат жағдайларынан қорғау мақсатында бейбіт және соғыс уақытында жүргізілетін жалпы мемлекеттік шаралар.

Халықты және шаруашылық жүргізу объектілерін қорғау азаматтық қорғаныстың бірінші дәрежелі міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысы халықты, экономиканы және республика аумағын осы заманғы зақымдау факторларының әсерінен, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жайдайлардан қорғау саласындағы ұлттық қауіпсіздік қамтамасыз ету жөніндегі жалпы мемлекеттік шаралар жиынтығының құрамдас бөлігі болып саналады.

Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және басқару мемлекеттің ең маңызды функциясы, қорғаныс шараларының құрамдас бөлігі. АҚ ұйымдастыру және басқару тәртібі ҚР «Азаматтық қорғаныс туралы» заңымен анықталады.

АҚ ең басты міндеті халықты, аумақтарды және шаруашылық жүргізілетін нысандарды қорғау болып табылады.

АҚ-ың негізгі міндеттері: басқару, хабарлау және байланыс жүйелерін ұйымдастыру, дамыту және үнемі дайын қалыпта ұстау.

АҚ-ың міндетін орындау көп қырлы ұйымдастырушылық, инженерлік-техникалық, медициналық, радиацияға қарсы, химияға қарсы, өртке қарсы және басқа да шаралар кешенін жүргізу.

АҚ-ың орындайтын көп түрлі міндеттері төмендегі негізгі топтарға бөлінеді:

-қазіргі заманғы зақымдану құралдары мен соғыс және бейбіт уақыттағы төтенше жағдайлардан халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

-салалар мен ұйымдардың жұмыс тұрақтылығын арттыру, халықтың өмір тіршілігін қамтамасыз ету;

-зақымдану ошақтарында және төтенше жағдай аймақтарында құтқару, басқа да шұғыл жұмыстар ұйыдастыру, жүргізу.

АҚ құрылымдарының негізгі түрлері:

Құтқару құрылымдары барлауға, зақымданғандарды іздеуге, үйінділерден алып шығуға, алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге арналған және олар жинақтама құтқару жасақтарын, командаларын, құтқару командаларын, топтарын, барлау топтарын, звеноларынан тұрады.

Инженерлік құрамалар инженерлік барлау жүргізу үшін өткелдер, өтпелер, үйінділер жасау үшін, жолдар мен көпірлерді, соның ішінде су кедергілеінен өтетін өткелдерді қалпына келтіру және құлаған ғимараттарды ашу үшін, қираған ауданда басқа да инженерлік жұмыстарды жүргізу үшін құрылады.

Негізгі қысқартылған сөздер:

АҚ (ГО) азаматтық қорғаныс

АКК (ДМК) жол-көпір командалары

ИБЗ (ЗИК) инженерлік барлау звеносы

ЖҒҚК (КОЗС) жасырыну ғимараттарына қызмет көрсету

АК (КПЛ) адамдарды іздестіру командалары

АҚБ (НГО) азаматтық қорғаныс бастығы

АККО (ОПВП) алғашқы көмек көрсету отряды

АҚНҚ (ОФГО) азаматтық қорғаныстың нысаналық құрамалары

ҚӘУЗ (СДЯВ) қатты әсер ететін улы заттар

ҚК (СК) құтқару командирлары

АҚ және ТЖ қызметтері (Служба ГО и ЧС) азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай қызметтері

АҚАҚ (ТФГО) азаматтық қорғаныс құрамалары

ТЖ (ЧС) төтенше жағдайлар

ТЖА (ЧСЗ) төтенше жағдайлар аймағы

АҚШ (ШГО) азаматтық қорғаныс штабы

1. Азаматтық қорғаныс дегеніміз не және ол қандай міндеттерді шешеді?

2. Азаматтық қорғаны құрылымдарының негізгі түрлерін атаңдар.

3. Азаматтық қорғаныстың негізгі қысқартылған сөздерін атаңдар.

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

## Әдебиеттер.

### ***Негізгі:***

- 1 Алғашқы әскери дайындық» оқулығы 2006ж.
- 2 Алғашқы әскери дайындық бағдарламалары 2010ж.
- 3 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер Жарғылары.
- 4 «Алғашқы әскери дайындық» журналдар.
- 5 «Қазақстан сарбазы», «Сарбаз» газеттері.
- 6 Оқу фильмдері.

### ***Қосымша:***

1. Атыс негіздері.
2. «Қазақша орысша, орысша-қазақша» терминологиялық сөздік Әскери іс-12 2000ж
3. «Саптық әмірлер», «Әскери қарым-қатынас» сөздіктері